Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№19-20
(20093-20094)

6 ақпан, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

АЙМАҚ

3 Денсаулық сақтау

СҰХБАТ

6 «Ұлттық мүдде ұстанымдарына шынайы болуымыз қажет»

ҒИБРАТ

7 Шәкірттері шыңға шыққан ұстаз

РУХАНИЯТ

8 «Көлдей дүниені көп адам оқи бермейді»

ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысы өтті.

Президент Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында Елбасының көшбасшылығымен барлық қиындықтан өткенін, қуатты мемлекеттің іргесін қалағанын, енді егемендіктің төртінші онжылдығына қадам басқанын, бұл еліміз үшін аса маңызды кезең екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы ел тарихындағы елеулі мереке кезінде құр даңғаза мен ысырапшылдыққа жол беруге болмайтынын, әрбір шараны елге пайдасы тиетін нақты істерге ұластыру қажет екенін баса айтты. Экономика, әлеуметтік сала, білім, ғылым және басқа да бағыттар бойынша тың жобалар қолға алынатынына тоқталды.

Президент қазір заман басқа, адамдардың санасы айтарлықтай өзгергенін, оған қоса, бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын айтты. Қаржыны оңды-солды жұмсап, ұлан-асыр той жасайтын уақыт емес тиімсіз форумдар мен конференциялар өткізудің қажеті жоқтығын қадап тұрып жеткізген Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың әлеуметтік жағдайына баса мән беру керегін, елдің тұрмысы түзелмесе, жетістіктерді мақтан етудің қажеті жоғын атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік аппарат осы сенім мен үмітті ақтауға тиіс деді.

– Үкімет менің тапсырмам бойынша Әлеуметтік кодекстің жобасын дайындап жатыр. Кодекс азаматтардың, әсіресе, көмекке мұқтаж адамдардың сұранысына толық сай келуі керек. Бұл біздің әділетті мемлекет пен ашық қоғам құру туралы идеямызбен үндеседі. Министрлер мен әкімдер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын берік ұстануға тиіс. Азаматтардың арыз-тілектеріне жедел жауап беру қажет. Ең бастысы, Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір отандасымыз күнделікті тіршілігінде сезіне алатын болса – мақсатымыздың орындалғаны, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Тәуелсіздіктің 30 жылдығын осыған дейін қолға алған реформалар аясында ұйымдастырған абзал екеніне тоқталды. Бұл ретте саяси реформаның үшінші кезеңін жүзеге асыру жалғасады. Алдағы он жылда елдің жаңа келбеті және ұлттың жаңа болмысы қалыптасуы керек. Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыруды табысты жүзеге асыра алсақ елге жасаған ең үлкен сыйымыз осы болатынын баса айтты.

– Біз өңірлік деңгейдегі теңсіздіктер мен кедергілерді біртіндеп жоямыз. Өйткені бізге қуатты Тәуелсіз Қазақстанды құру үшін аймақтардың бәсекеге қабілетті болып, әр ауыл мен қаланың тұрақты дамығаны керек, – деді Мемлекет басшысы.

Айтулы мереке кезінде атқарылатын шаралардың дені жастарға арналуы – Президент қойған басты талаптың бірі. Себебі елде не жасалса да, бәрі болашақ ұрпақ үшін жасалуы тиіс.

– Жастарға қатысты келесі мәселе – жұмыспен қамту. Бұл, әсіресе, өңірлерде аса өзекті. Біз жұмыссыз жастарға жол сілтеп, бағыт-бағдар беруіміз керек. Олардың тұрақты кәсіп табуына көмектесуіміз қажет. Қазір жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бірақ жастардың көбі сол шаралар туралы білмейді. Мемлекет ұсынып отырған түрлі қолдау жұмыстарынан хабарсыз. Бұл мәселе тек жалаң үгіт-насихатпен шешілмейді. Үкімет пен әкімдер жастарды жұмыспен қамту мәселесімен арнайы айналысып, күнделікті назарда ұстауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Енді жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылады. Президент жастар саясатына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты біртұтас ұлттық жоба әзірленген жөн екенін атап өтті. Талантты жастарымыздың креативті экономика құрудағы рөлінің маңыздылығына назар аударып, стратегиялық тұрғыдан маңызды саланы кешенді түрде дамыту жоспарын ойластыруды тапсырды.

– Біз ел дамуына жас таланттарымыздың белсене араласуына баса назар аударуымыз керек. Олардың әрқайсысы Отанымыз жеткен жетістіктерге қатысы бар екенін сезініп, табыстарын мақтан тұтуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол үшін біздің қоғамда да меценаттық пен қайырымдылықтың дәстүрін біртіндеп дамыту қажет. Мемлекет басшысы бүкіл әлемде ұжымдық ынтымақтастықтың бір түрі ретінде краудфандинг бағытының танылып келе жатқанын тілге тиек етті. Оны азаматтардың қоғамдағы өзекті проблемаларды шешуге қатыстырудың негізгі бағытының бірі ретінде бағалады. Сонымен қатар Astana Hub технопаркінің базасында бірыңғай краудфандинг тұғырнамасын жасаудың мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Президент 30 жылдыққа байланысты шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі қажеттігіне тоқталды. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған көрнекті тұлғалардың еңбегін насихаттау – аса маңызды жұмыстың бірі.

– Биылғы мерейлі жылға бірнеше атаулы дата тұспа-тұс келіп отыр. Жыр алыбы Жамбылдың – 175, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың – 155, күш атасы Қажымұқанның 150 жылдығы, тағы басқа бірнеше тарихи тұлғаның мерейтойы. Біз былтыр Абай мен әл Фарабидың мерейтойларын өте мағыналы өткіздік. Олардың тұлғалық келбеті мен өмір жолы, еңбектері халыққа үлкен ой салды. Бұл тәжірибені алдағы уақытта да ұстанған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ биыл Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы ядролық сынаққа тыйым салу арқылы өз тағдырымызға өзіміз жауап бере алатынымызды көрсетіп, еліміздің әлемдік антиядролық қозғалыстың көшбасшысына айналғанын айтты. Мемлекеттік нышандарға құрмет отаншылдықтың көрінісі екенін, осы орайда, ел рәміздерін қолдану ережесін қайта қарауды тапсырғанын, қасиетті көк байрақты үй сыртына және басқа да көрнекті жерлерге ілуге тыйым салуға болмайтынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілін меңгеру біртұтас ұлт болу жолындағы айрықша маңызды қадам деп бағалады. Сондықтан тіл үйренуге талпынған отандастарымызды қолдауға шақырды.

– Мемлекеттік тілді білетін әрбір азамат қазақша үйренгісі келген досымен, әріптесімен немесе танысымен өз білімін бөліссін. Мұндай игі іс бір-бірімізге қамқорлықты арттырып, бірлігімізді нығайта түсері сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы. Президент ана тіліміздің дамыту жайындағы ойын латын графикасындағы қазақ әліпбиімен түйіндеп, латын қарпіне көшіп жатқанымыз Тәуелсіздіктің жемісі деп бағалады.

Мемлекет басшысы елдегі көрікті жерлердің жыл өткен сайын жұтаңданып бара жатқанына алаңдап, «Таза табиғат» жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Экологиялық бастамалар жыл сайынғы тұрақты жұмысқа ұласып, өмір салтына айналуы шарт екенін жеткізді. Осы ретте Ұлыстың ұлы күнін жаңаша атап өту туралы ойымен бөлісті.

– Бабаларымыз әз Наурыз келгенде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жаңа қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап, қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл – ата салтымыз, әрі ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы, – деді Президент.

30 жылдық белестің мәнін халыққа түсіндіру, ақпараттық жұмысты дұрыс жүргізу де – маңызды бағыттың бірі. Тәуелсіздік мерекесінің тұжырымдамасы «Жасампаздыққа толы жылдар» деп аталады. Сондықтан жасампаздық идеясы кеңінен дәріптелуі қажет. Қасым-Жомарт Тоқаев мерекелеу барысында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы Тұңғыш Президентіміздің тарихи рөлі ерекше аталып, Елбасы саясатының сабақтастығы барлық іс-шаралардың идеологиялық өзегі болуы шарт екенін атап көрсетті.

– Әр жерде өткізілген іс-шаралар туралы құрғақ есептің қажеті жоқ. Елге өзгеріс әкелмесе, мыңдаған мадаққа толы мақалалардан еш қайыр болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзін қорытындылай келе, Президент Үкіметке республикалық штабпен бірлесіп, аталған ұсыныстарды Мерекелік жоспарға және Идеологиялық картаға енгізуді тапсырды. Сонымен бірге, мемлекетті нығайтуға, елімізді дамытуға үлес қосқан азаматтарға лайықты құрмет көрсетілетінін, мереке қарсаңында «Қазақстан Республикасының 30 жылдығы» мерейтойлық медалі шығарылатынын айтты.

– Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Комиссия отырысында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Премьер-Министрдің орынбасарыЕралы Тоғжанов, Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева сөз сөйледі.

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес Қызылорда облысы әкімі Г.Н. Әбдіқалықованың халыққа есеп беру кездесуі 2021 жылғы 17 ақпан күні сағат 11:00-де онлайн форматта өтеді.

Облыс әкімінің есеп беру кездесуі «Qyzylorda» телеарнасында және Қызылорда облысы әкімдігінің Youtube каналында тікелей эфирден көрсетіледі.

Аймақ басшысына қоятын сауалдарыңыз немесе толғандырып жүрген мәселелеріңіз болса, мына төмендегі мекен-жайларға жолдауға болады:

400-100 call орталығы
400-100.KZ сайты
@AKIM400100BOT (телеграм каналы)

Балалар әдебиетіне басымдық берсек...

Бүгінгі балалар неге кітапқа қарамайды? Бүлдіршіндерге арнап туынды жазғанда олардың қазіргі таным-түсінігі ескеріліп жүр ме? Жазушыларға қолдау қай деңгейде?

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

«Балалар әдебиеті жылы» аясында Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында өткен жиында осы мәселелер талқыланды. Бүгінде әлем бойынша кітап оқу сауаттылығы деңгейін анықтайтын зерттеулер бар. PISA зерттеуінің нәтижесінде Қазақстан оқушылары оқу сауаттылығы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерідегі өз қатарластарынан едәуір артта қалып отыр. Қазір әр баланың қолында кітап емес, смартфон бар. Төмен көрсеткіштің бұл да бір себебі.

Жиында балалар ақыны Рахат Наурызбаева жаңа технологияны тиімді пайдалану арқылы да балаға кітап оқытқызуға болатынын айтты.

– Ұстаздық қызметті атқара жүріп, саналы түрде балалар әдебиетін таңдадым. Балалар менің әрқашан көз алдымда болды. Сондықтан олардың сөзі, сенімі, көзқарасы мен қылығы маған белгілі еді. Кеңес Үкіметінің кезінде төрт кітабым жарық көрді. Аз данамен кітаптарымды шығаруға мүмкіндігім болды. Кейін жаңа туындыларымды баспаға ұсынарда жалақымды пайдаландым. Шығарманы баланың көңіл-күйін сезініп, оның ой, сенімін түсініп жазу керек. Келешек жақсы болсын десек, кілт – балада, соны тәрбиелейтін адамдарда. Облыста балаларды топтастыратын арнайы мәдениет ошағы болса деймін. Бала дамуына ықпал ететін орталық, бүлдіршіндердің театры болса деген ұсыныс айтқым келеді. Сонымен қатар, балалар ақыны ретінде лайықты шығармашылық өкілдерін Жазушылар одағына қабылдауға ұсыныс жасалса деймін, – деді ол.

Ал, ҚР Білім беру ісінің үздігі, балалар ақыны Оразбай Қосанов бүлдіршіндерге арнап кітап шығарудың қиындығын әрі дайын дүниені алуға басқалар ғана емес, педагогтардың өзі құлықты еместігін баса айтты.

Кішкентай тұрғындар үшін кітаптың мұқабасы да маңызды. Сондықтан дизайны, салмағы мен көлемі жайлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Қыздарқұл Қасенова сөз қозғады.

Жиында балалар әдебиеті бүлдіршіндерді тәрбиелейтін құрал екені, бүгінгі буын қызығатындай шығармалардың аздығы, оқушылардың оқу сауаттылығы, шығарма жазуына талап қою керегі айтылды. Сондай-ақ, «Балалар әдебиеті – тәрбиенің қайнар көзі» атты 135-ке жуық туынды жинақталған кітап көрмесі таныстырылып, жас оқырмандар жергілікті ақындардың өлеңдерін жатқа оқыды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2020 жылы республиканың басқа да өңірлерімен қатар Қызылорда облысы да коронавирус пандемиясының салдарынан туындаған қиын кезеңді өткерді. Дегенмен, қайта қалпына келтіру шараларының нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтап қалды.

Дәл осы пандемия кезеңінде экономиканы қалпына келтіру және тұрақтандырудың негізгі көзі бұл – кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту болды. Себебі, пандемияның әсері өңірдің өзін-өзі дамытып, өзінде өндірілген тауарлармен қамту қажеттілігін дәлелдеді.

Осы орайда, өңірдің қажеттілігін қамтамасыз етіп отырған шаруашылық субъектілерінің қызметіне жедел талдау жүргізіліп, нәтижесінде тұтынатын тауарлардың 95 процентке жуығы басқа өңірлерден тасымалданатыны анықталды. Тиісінше, бұл жайт халықтың тауарларға қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, оған қоса жұмыссыздықты арттырмауға ықпал ететін конструктивті шаралар қабылдау қажеттілігін тудырды.

Осылайша, 2023 жылға дейінгі өңірдің экономикалық даму жоспары қабылданып, бизнес өкілдеріне өңірді өз өндіріс өнімдерімен қамтамасыз ететін 271 млрд. теңгенің 265 жобасы ұсынылды. Бүгінде 7,1 млрд. теңгенің 89 жобасы жүзеге асырылып, 1047 жұмыс орны құрылды.

Пандемия кезеңінде жалдамалық төлемнен босату, салықтық ынталандыру және бизнеске жүргізілетін тексерулерге шектеу орнату сияқты мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді, бұл өз кезегінде кәсіпкерлік қызметтің қайта жандануына септігін тигізді.

Бірінші кезекте пандемия кезеңінде бағаны тұрақтандыру мақсатында қажетті азық-түлік өнімдеріне облыстық бюджеттен 1234,4 млн. теңге бөлініп, өңірлік тұрақтандыру қорына 4 мың тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатып алынды.

Мемлекет басшысының бастамасымен дағдарысқа қарсы шара ретінде 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамту Жол картасы» басталып, ол пандемия кезеңінде халықты жұмыспен қамтып, тұрақты табыс көзімен қамтамасыз етті. 2020 жылдың қорытындысымен құны 40 млрд. теңгеден асатын 261 жоба жүзеге асырылды.

Ең бастысы, Мемлекет басшысының тапсырмасымен өңірдің дамуына қосымша 15,6 млрд. теңге экономикалық көмек бөлініп, ол өңір экономикасының негізгі басымды бағыттарына бағытталды.

Пандемия жағдайында республикалық (мемлекеттік бағдарламалар, жол карталары, кешенді жоспар, әкімдік меморандумы және аумақтарды дамыту бағдарламасы) және жергілікті маңыздағы (Облыс әкімінің Іс-қимыл жоспары, Жол карталар және т.б.) бағдарламалық құжаттардың толыққанды жүзеге асырылуына аса мән берілді.

Осылайша, кейбір экономикалық көрсеткіштер бойынша төмен нәтижеге қарамастан, Үкімет бекіткен меморандум бойынша инвестициялар тарту көлемі артығымен орындалды (27 %). Өңір экономикасына 230 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарланса, нақтылы 292 млрд. теңгеге орындалды. 591 мың шаршы метр тұрғын үйлерді пайдалануға беру жоспарланса, 609 мың шаршы метрдің тұрғын үйлері пайдалануға берілді (3 % артық).

Индустрияландыру шеңберінде құны 1,5 млрд. теңгенің 3 жобасы жүзеге асырылып, 172 жұмыс орны құрылды. Ағымдағы жылы құны 48,5 млрд. теңге болатын тағы 4 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Жалпы 2020 жылдың қорытындысымен 20206 жаңа жұмыс орны құрылды (жоспар – 17602), оның ішінде тұрақтысы – 14974.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9 % деңгейінде сақталды (республика – 5,0 %).

ЭКОНОМИКАНЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

2020 жылдың қорытындысымен өнеркәсіп өндірісінің көлемі 648,8 млрд.теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 13,3%-ке төмендеді. Бұл көптеген мұнай ұңғымаларының сарқылуы мен сулануына және мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты. 2020 жылы мұнай өндіру көлемі 4,6 млн. тоннаны құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 960,1 мың тоннаға азайған (нақты көлем индексі – 82,7%).

Индустрияландыру бағдарламасының I және II бесжылдығы (2010-2019 жж.) аясында құны 150 млрд. теңгенің 26 жобасы жүзеге асырылып, 1,7 мың жұмыс орны құрылды.

2020 жылы іске қосылған жобалар бойынша 34,9 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 2019 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 9,7%-ке өскен (2019 ж. – 31,8 млрд. теңге).

Оның ішінде құны 11,2 млрд. теңгені (2019 ж. – 10,5 млрд. теңге) құрайтын 473,8 мың тонна өнім экспортталды (тұз, балық, пропан-бутан, аммоний метаванадаты, цемент).

Бағдарламаның үшінші бесжылдығы аясында (2020-2025 жж.) облыста құны 557,6 млрд. теңгенің 34 жобасымен жұмыс жүргізілуде (жұмыс орны – 7,1 мың адам).

Атап өту қажет, пандемия өткен жылы ірі инвестициялық жобалардың іске асыру барысына кері әсерін тигізді. Соның бірі – шыны зауыты (құны – 42,1 млрд. теңге, жұмыс орны 226 адам). Зауыт құрылысы 70%-ке аяқталды. Балқыту ваннасы мен күйдіру пешін монтаждауды аяқтау қажет. Ол үшін 4 ай уақыт және жылы режим жағдайы (+10°С жоғары) керек.

Осы ретте, шыны зауытының айналасында шыны саласы кәсіпорындарын құру жолымен 8 ілеспе жобаны іске асыру жоспарлануда.

Атап айтқанда, шыны талшық (1,5 млрд. теңге), айна (4 млрд. теңге), шыны ыдыстар (10 млрд. теңге) жобаларын іске асыру жұмыстары басталды.

Облыстағы құрылыс индустриясы саласында табысты жұмыс жасап тұрған, ірі кәсіпорындардың бірі – «Гежуба Шиелі цемент» ЖШС-ның қуаттылығы 1 млн. тонна болатын тампонажды цемент зауыты. Зауыт 6 түрлі өнім шығарып, іске қосылғаннан бері 856 мың тонна өнім өндіріп, оның 153 мың тоннасын Өзбекстан Республикасына экспорттады.

2020 жылы 476 мың тонна цемент өндіріп, 2019 жылмен салыстырғанда 25,3%-ке артты (2019 ж 380 мың тонна цемент).

2020 жылы Арал ауданында агроөнеркәсіп саласында құны 4,4 млрд. теңгені құрайтын 2 бірдей жобаның құрылысы басталды.

1) «Аралтұз» АҚ-ның жылына 180 мың тонна тұз өндіретін III испан цехы;

2) «Qazaq Camel» ЖШС-ның жылына 130 тонна түйе сүтінен жасалған құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт.

Бұдан басқа, бағдарлама аясында 2020 жылы құны 1,5 млрд. теңгенің 3 жобасы іске қосылды:

1. «Сервистік-дайындау орталығы» ЖШС-ның тауарлы балықты өсіру және терең өңдеу кешенін кеңейту цехының I кезеңі. Жоба құны – 401,8 млн. теңге (1 кезең 60 млн. теңге), қуаттылығы күніне – 4,8 мың кг балық сүбесі, жылына 400 тонна ысталған балық, жұмыс орны – 22 адам.

2. «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-ның «Балықты тереңінен қайта өңдеу зауыты мен пластикалық қайық жасау цехын салу» жобасы (1-кезең). Жоба құны – 160 млн. теңге, қуаттылығы – жылына 4 мың тонна балық өңдеу, жұмыс орны – 100 адам.

3. «Dana Quartz» ЖШС-ның «Арал ауданындағы кварц құмын байыту бойынша тау-кен байыту комбинатының бірінші желісі» жобасы. Жоба құны – 992,2 млн. теңге, жұмыс орны – 50 адам, қуаттылығы жылына – 70 мың тонна.

Өңіріміздегі кварц құмын байытатын алғашқы комбинаттың негізгі тұтынушысы – салынып жатқан ірі табақша шыны зауыты болады, себебі зауыт жылына 120 мың тоннадан астам кварц концентратын тұтынуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, 2021 жылы «Dana Quartz» ЖШС айна шығаратын жаңа жобаны қолға алуда.

2-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ИНВЕСТИЦИЯ

ҚР Премьер-Министрі мен облыс әкімі арасындағы меморандумға сәйкес 2020 жылы 230 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарланған болатын. Іс-жүзінде 2020 жылдың 12 айында 291,6 млрд. теңге инвестиция тартылды немесе жоспар 27 процентке артығымен орындалды.

Атап өту қажет, көрсеткіштің артығымен орындалуына Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары әсер етті. Жоспар аясында 2020 жылы құны 7,1 млрд. теңге болатын 89 жоба іске қосылды.

Сондай-ақ, ШОБ субъектілерін қаржылық қолдау мақсатында өңірдің барлық қаржы институттарын тарта отырып, жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыруға «Байқоңыр «ӘКК» АҚ қызметі толығымен қайта формотталды. «Байқоңыр «ӘКК» АҚ кәсіпкерлер үшін серіктес және инвестор болып табылады.

2020 жыл ішінде Қызылорда облысына инвестициялар тарту тетігін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылды, ол инвестиция тарту жөніндегі жұмысты жандандыруға ықпал етті.

Іс-шаралар шеңберінде Өңірлік инвестициялық кеңестің 3 отырысы өткізіліп, онда 2 инвестициялық жобаны іске асыру барысы және 6 жаңа инвестициялық жобаның тұсаукесері, сондай-ақ өңірдің қаржы институттарының атқарған жұмысы туралы есеп және 2021 жылға арналған жоспарлар қаралды.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ

2021 жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5,1%-ке (+2360 бірлік) ұлғайып, 48 657 бірлікке жетті.

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 96 мың адамды, жалпы өңірлік өнімдегі үлесі – 18%-ті құрады. Өндірілген өнім көлемі – 390 млрд. теңге.

2020 жылы бөлшек сауда көлемі 298,4 млрд. теңгені немесе 2019 жылдың деңгейінде сақталды.

Бүгінгі күні облыста 77 интернет-дүкен жұмыс жасайды.

Пандемия жағдайында бизнесті қолдау 2020 жылы пандемия жағдайында өңірде кәсіпкерлік субъектілерінің 74%-нің қызметі ішінара тоқтатылып, оның ішінде азық-түлік емес тауарларының бөлшек сауда саласы, туризм саласы, қоғамдық тамақтану және мейрамхана, тұру және жолаушыларды тасымалдау қызметтерінде 10 мыңға жуық субъекті зардап шекті.

Мемлекеттің қолдау шарасы ретінде:

1) 54 мың кәсіпкерге салықтық жеңілдіктер берілді;

2) 8,5 мың ШОБ субъектісі міндетті әлеуметтік-сақтандыру жүйесіндегі төлемдерден босатылды;

3) Шамамен 9 мың сауда алаңы (147 ірі сауда нысаны бойынша) жалпы құны 700 млн. теңге жалдамалық төлемдерден босатылды;

4) 356 мемлекеттік мүлікті жалға алып отырған 194 ШОБ субъектісі 60 млн. теңге көлемінде жалдамалық төлемнен босатылды;

5) Шамамен 8 мың ШОБ субъектісінің 11 млрд. теңгеден астам қарыздары кейінге қалдырылып, қайта құрылымдалды;

Облыстағы 128 тойхананың қызметтерін өзге салаларға бағыттау жұмыстары басталды. 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 15 тойхана қызметтерін өзге салаларға қайта бағыттады (Арал ауданы 3 мейрамхана: «Ақниет», «Алмаз» және «Хан Шатыр», Қазалы ауданы 2 мейрамхана: «Наурыз», «Ақтілек», Қармақшы ауданы 4 мейрамхана: «Малике Ана», «Айқын», «Мирас», «Алтын Ғасыр», Жалағаш ауданы 1 мейрамхана «Береке», Сырдария ауданы 2 мейрамхана: «Ақжол», «Темірқазық», Қызылорда қаласы 3 мейрамхана: «Орда», «Ұлытау», «Арнау Палас»).

Микрокредит беруді ұлғайту үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына әртүрлі көздерден 1,9 млрд. теңге тартылды.

Инвестициялық орталық 2020 жылы 1,3 млрд. теңгеге 251 жобаны несиелендірді.

2020 жылы екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнеске 28,3 млрд. теңге, оның ішінде кәсіпкерлік саласындағы бағдарламалар аясында 473 жобаны іске асыруға 20 млрд. теңге берді.

- «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 9 млрд. теңгеге 239 жоба;
- «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 2,1 млрд. теңгеге 60 жоба;
- «Жеңілдікпен несиелендіру» аясында 8,3 млрд. теңгеге 108 жоба;
- «Даму-Сырдария» бағдарламасы аясында 622 млн. теңгеге 66 жоба.

Айта кету қажет, 2020 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасын іске асыруға 2,1 млрд. теңге қаржы бөлініп, толығымен игерілді.

Оның ішінде:

- субсидия беруге 1,4 млрд. теңге;
- кепілдік беруге 535 млн. теңге;
- мемлекеттік гранттар беруге 182 млн. теңге бағытталды.

Жаңа бизнес-идеяларын іске асыруға «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы 78 шағын және жас кәсіпкерлерге 181,5 млн. теңге бағытталды.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын несиелер беруге 3,3 млрд. теңге қаржы қаралып, 2020 жыл ішінде 825 жоба несиелендірілді. Сондай-ақ, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы шамамен 2,8 млрд. теңге қайтарымсыз гранттар 4770 жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматқа табысталды.

ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясындағы туристендіру картасына облыстан 3 нысан енгізілген, «Қамыстыбас» демалыс аймағы, «Жаңақорған» шипажайы, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы.

«Қамыстыбас» көлінің жағалауында 104 демалыс үйі орналасқан, онда 22 кәсіпкер жұмыс істейді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша демалушылар саны 90 000-нан асты. 2020 жылғы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Арал ауданы әкімдігінің бас санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 31 мамырдағы №9 қаулысына сәйкес жағажай қызметі 2020 жылдың шомылу маусымында жұмысын жүргізген жоқ.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің бойында сервис объектілерін дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. Қызылорда облысының бөлігінде объектілер салу үшін 55 нүкте анықталды.

2020 жылғы 21 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы инвестиция сомасы 6,4 млрд. теңгені құрайтын 30 нысан пайдалануға берілді (оның 15-і интернетке қосылған, POS-терминалдармен төлеу мүмкіндігі бар). 737 тұрақты жұмыс орны құрылды. Жол бойындағы сервистің қолданыстағы 30 объектісінің 19-ы «Google maps» және «Yandex карта» жүйесіне енгізілген.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ДАМЫТУ

Көрсетілген мемлекеттік қолдаудың арқасында облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде өсудің оң серпіні бар.

2020 жылы облыстың ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерін мемлекеттік қолдауға 14,8 млрд. теңге бөлінді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,0%-ке артық (14,1 млрд. теңге).

Оның ішінде:

- 3,9 млрд. теңгесі егін шаруашылығын қолдауға;
- 3,4 млрд. теңгесі мал шаруашылығын қолдауға;
- 7,5 млрд. теңгесі сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, инвестициялық субсидиялауға, балық өсіру мен сапасын арттыруға және т.б.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында облыстың ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы 142,6 млрд. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 1,9%-ке артты.

Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы инвестиция көлемі 13,6 млрд. теңгені немесе 206,8%-ті құрады.

2020 жылы 184,2 мың гектар ауылшаруашылық дақылдары орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар – 99,6 мың гектар, майлы дақылдар – 5,7 мың, мал азықтық дақылдар – 61,0 мың, картоп, көкөніс, бақша дақылдары – 17,6 мың гектар. Негізгі дақыл – күріштің алқабы 89,5 мың гектарды құрады.

Облыс бойынша күріш егісіне 100% жоғары репродукциялы тұқым себілді, оның ішінде отандық сорттардың үлесі 12 процентті құрады.

Егіс алқаптарын әртараптандыру бағытындағы жұмыстар жалғасты. Өткен жылы қант құмайы 70 гектарға, соя 240 гектарға, жүгері дақылы 1 667 гектарға егілді. Тәлімдік жерлерді игеру жұмыстары басталды. Осы мақсатта, ылғал сақтағыш аквагельдерді пайдалану арқылы 80 гектар тәлімдік жерлерге күздік бидай егілді, нәтижесінде әр гектарынан 18,0 центнерден өнім алынды.

Суармалы суды тиімді пайдалану бойынша қабылданған шаралардың арқасында күріш алқаптарын сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге мүмкіндік туды, соның нәтижесінде облыс диқандары 551 мың тоннадан астам күріш жинап (61,8 ц/га), жоғары өнім алуға қол жеткізді.

Дақылдардан жоғары өнім алу мақсатында 2020 жылы 59,8 мың тонна минералдық тыңайтқыштар пайдаланылды.

Күзгі егін жинау және дала жұмыстарын жүргізу үшін 12,5 мың тонна (шілде айына 800 тонна, тамыз айына 4390 тонна, қыркүйек айына 5143 тонна, қазан айына 2191 тонна) арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Сондай-ақ, облыстың шаруашылық құрылымдары «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда филиалы арқылы 6,0 млрд теңгеге 145 дана ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынып, 2020 жылға жоспар 120%-ке орындалды.

Мал шаруашылығы саласында да өсудің оң серпіні қамтамасыз етілді. 2021 жылдың 1 қаңтарына 342,3 мың бас МІҚ тіркелді немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,0%-ке артық, қой – 549,4 мың бас (116,5%), жылқы – 164,7 мың бас (111,0%) және түйе – 51,7 мың бас (107,7%).

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 100 бас МІҚ, 20491 бас қой сатып алу қамтамасыз етілді.

2020 жылы 38,5 мың тонна ет (тірі салмақта) және 89,9 мың тонна сүт өндірілді, 2019 жылмен салыстырғанда ет өндірісі 2,8%-ке, сүт өндірісі 2,4%-ке артты.

Облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті өсуде.

Бүгінгі таңда облыс өнімдері 17 мемлекетке сәтті сатылуда (Ресей, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Қырғызстан, Беларусь, Өзбекстан, Польша, Литва, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Ирак, Германия, Түркіменстан, Грузия, Чехия).

Сондай-ақ, өңір тұрғындарын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында жалпы құны 34,5 млрд. теңгені құрайтын 51 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Оның ішінде, 2020 жылы жалпы құны 1,8 млрд. теңгені құрайтын 14 жоба іске қосылды (оның ішінде, ет бағытындағы МІҚ малын сатып алу жобалары, күріш зауыттары, мал бордақылау алаңдары, минералды тыңайтқыштарды өңдеу зауыты, репродуктор құру жобасы, асыл тұқымды ет бағытындағы шаруашылық құру, көкөніс қоймасы).

Сонымен қатар, бағаны тұрақтандыру және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақтандыру қорына 4,1 мың тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуды ұйымдастыруға облыстық бюджеттен 1234,4 млн. теңге бөлінді.

Жалпы тұрақтандыру қорына 2020 жылдың басынан бері 6372,2 тонна өнім сатып алынып, 34 әлеуметтік сауда объектісінде төмендетілген бағамен 5153,6 тонна өнім сатылды.

Зиянкестерге қарсы фитосанитарлық іс-шараларды тиімді жүргізу мақсатында облыс аумағында үйірлі шегірткеге қарсы 72,6 мың гектар, саяқ шегірткесіне қарсы 58,7 мың гектарға өңдеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аймақта зиянкестер санының жыл сайын азаюы байқалуда. Ауыл шаруашылығы дақылдары мен жайылымдарға залал келтірілген жоқ.

ВЕТЕРИНАРИЯ

Облыс аумағында эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін 15-тен аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы іс-шаралар жүргізілді (984,6 млн. теңгеге 5641,1 мың доза ветеринариялық препараттар жеткізілді).

Бруцеллез ауруына қарсы диагностикалық тексеру нәтижесінде барлығы 91 бас мал анықталды, оның ішінде 27 бас мүйізді ірі қара, 64 бас уақ мал, барлығы ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес сойылды.

2020 жылы 7 типтік (Арал – 5, Жалағаш – 2) жобадағы мал қорымы салынды, 117 қолайсыз елді мекендерде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына дезинсекция жұмыстары жүргізілді.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ МЕЛИОРАЦИЯ

Суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары аясында облыста бірқатар жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Ирригациялық-дренаждық жүйелерді жетілдіру» жобасының 2-ші фазасы (ПУИД-2 жобасы) жалғасуда. Жобаға сәйкес 2020 жылы 2,2 млрд. теңгеге Жалағаш ауданында (Аққұм, Бұқарбай батыр, Таң және Мәдениет ауылдық округтерінде) 15,1 мың гектар суармалы жерлерін қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Бұл жұмыстар 2021 жылы жалғасады.

Сонымен қатар, 2020 жылы апаттық жағдайда тұрған «Қызылорда» және «Әйтек» су тораптарын қайта жаңғырту жұмыстары басталды.

Жаңақорған ауданында «Жиделі» су қоймасына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар «Қараөзек», «Күміскеткен» су қоймаларының құрылысын салудың және «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру» жобасының жобасметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары басталды.

«Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» (САРАТС-2) жобасының 2-ші фазасын жүзеге асыру бойынша нақты шешім қабылдануда.

САРАТС-2 жобасының 6 компонентінің 4-уі республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылатындығын ескере отырып солтүстік Арал теңізін және Сырдария өзені бассейнінің қазақстандық бөлігін кешенді дамыту бойынша жаңа тәсіл айқындалып, САРАТС-2 жобасының атауы «Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру және аумақтық даму» болып өзгертілді. Жобаның құны шамамен 190 млн. АҚШ долларын құрайды.

Жоба 3 компоненттен тұрады:

1) Су шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру және САТ (Солтүстік Арал теңізі) - Сырдария өзені бассейнінде гидрологиялық режимін жақсарту;

2) Қызылорда облысының тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметін қолдау;

3) Ақпараттық базаны, су ресурстарын басқаруды, өңірлік жобалау және жобаны басқаруды жетілдіру.

2020 жылы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен Дүниежүзілік Банк арасында жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 1,5 млн. АҚШ доллары көлемінде грант бөлу туралы келісімге қол қойылып, 2020 жылдың 15 желтоқсанда грант келісімі күшіне енді.

Қазіргі таңда ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі осындай ұқсас жобаларды әзірлеуге мамандандырылған халықаралық компанияларды іріктеу бойынша жұмыстарды атқаруда.

Облыстың елді мекендерінің экологиялық жағдайын және аяқсумен қамтамасыз етілуін жақсарту мақсатында 12 каналды тазалау, жөндеу жұмыстары жүргізілді (Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылдық округіндегі «Ақарық» каналы, Әйтеке би кентіндегі «Аққиіз» каналы, Қазалы қаласындағы «Көне Қырғыз арық» каналы, «Дәулет арық» каналы, Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылдық округіндегі «Меней» каналы, Жалағаш ауданы Еңбек ауылдық округіндегі «Ауыл арығы» каналы, Сырдария ауданы Айдарлы ауылдық округіндегі «Ақтам» каналы, Амангелді ауылдық округіндегі «Қызыл ту» каналы, Шиелі ауданындағы «Көксу» каналы, Гигант ауылдық округіндегі «Л-1» каналы, Жаңақорған ауданындағы «Сумағар» каналы, Сунақ ата ауылдық округіндегі У1, У2, У3, У4 каналдары).

Осы жұмыстардың нәтижесімен барлығы, ұзындығы 95,4 шақырым канал тазаланып, олардың бойындағы 9 дана гидротехникалық құрылыс жөнделді. Нәтижесінде, елді мекендерде 800 гектар түрлі бау-бақша және көкөніс дақылдарын егуге және 2200 гектар жайылымдық, шабындық жерлерді суландыруға жағдай жасалды.

Сонымен бірге, Қармақшы ауданының Төребай би, Алдашбай ахун, Жалағаш ауданының Еңбек, Жаңақорған ауданының Қандөз ауылдық округтерін сумен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 6 дана насос қондырғы алынды.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2020 жылы облыста 8 760,2 тонна балық ауланды, бұл 2019 жылға қарағанда 8%-ке көп (2019 жылы 8042 тонна), сонымен қатар балық өсіретін шаруашылығы 155 тонна тауарлы балық өсірді.

Облыста жылдық қуаттылығы 12,5 мың тонна болатын 9 балық өңдеу зауыты (4-де «Еврокод» бар) жұмыс жасайды.

Облыстың балық өнімдерінің экспорты артуда.

2020 жылы 4302,9 тонна балық өнімі, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2%-ке артық (2019 жылы 4220 тонна) шығарылды. Балық өнімдері негізінен Ресей, Германия, Польша, Грузия, Литва, Қытай, Нидерланды, Чехия, Беларусь елдеріне экспортталады.

Балық өнімдерін өндіру және сатуды арттыру мақсатында 2021-2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында 2030 жылға тауарлы балық өндірісін 16 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда.

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі аясында 2020 жылдың тамыз айында Қызылорда қаласының Белкөл қыстағы аумағынан 4 шақырым жерде қалдықтарды сұрыптау кешенімен қоса тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны іске қосылды. Полигон жылына 60 тонна тұрмыстық қатты қалдықты өңдейді. 40 жаңа жұмыс орны құрылды. Іске қосылғалы бері 4375 тонна қалдық өңдеуден өткен, бұл өңірде жалпы өңделген қалдықты 20,8 процентін құрады.

Сонымен қатар, 2020 жылдың желтоқсанында Арал ауданының Арал қаласында қуаттылығы жылына 37,8 мың тонна болатын тұрмыстық қатты қалдық полигонының құрылысы аяқталды. Нысанды ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Жалпы, 2020 жылы жинақталған 117 мың тонна қалдықтардың 21 мың тоннасы немесе 18% қайта өңделді.

ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Қызылорда облысының әкімшілік аумағы 24,1 млн. гектарды құрайды, бұл республика аумағының 8,3 проценті.

Оның ішінде, 2,8 млн. гектар немесе жалпы жер қорының 11,6 проценті ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Осы жерді пайдаланатын тұлға саны (2,8 млн гектар) – 5745, оның ішінде шаруа қожалығы – 5240, заңды тұлға – 505.

2020 жылы 60,0 мың гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарланған, айналымға 66,3 мың гектар жер енгізілді (Арал ауданы – 8,3 мың гектар, Қазалы ауданы – 11,8 мың гектар, Қармақшы ауданы – 7,3 мың гектар, Жалағаш ауданы – 5,1 мың гектар, Сырдария ауданы – 0,4 мың гектар, Шиелі ауданы – 9,6 мың гектар, Жаңақорған ауданы – 16,7 мың гектар, Қызылорда қаласы 7,1 мың гектар) немесе жоспар 110,5% орындалды.

2020 жылы облыс бойынша 33 аукцион өткізілді, оның нәтижесімен 204,7 млн. теңгеге көлемі 123,1 гектар құрайтын 271 учаске сатылды.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста жер телімдеріне 100477 азамат кезекте тұр, оның ішінде 60986 адам Қызылорда қаласында (60,7 проценті). 2014-2020 жылдары барлығы 10741 учаске берілсе, 2020 жылы 1469 жер учаскесі табысталды.

Бұдан басқа, үйлестіру кеңесінің шешімімен инвестициялық жобалар үшін 36 жер пайдаланушыға жалпы көлемі 7614,0 гектар жер учаскесі табысталды.

Цифрландыру бағытында «Өңірлік геоақпараттық жүйесін» құру жұмыстары жүргізілуде. Оның аясында Қызылорда қаласында және оған іргелес кенттер, ауылдық округтер мен аудан орталықтарының жер учаскелерінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бағдарламасы мен нақты жағдайға түгендеу жұмыстарын жүргізуге 2021 жылы облыстық бюджеттен 109,1 млн. теңге бөлінді.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Облыста елді мекендер мен ауыл шаруашылығы жерлерін су басу қаупінің алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдануда.

2020 жылы жалпы ұзындығы 75,5 шақырым болатын қорғаныс бөгеттерінің 16 учаскесі қалпына келтірілді.

Қала аумағында су тасқынының алдын алу мақсатында құны 5 млрд. теңгені құрайтын «Қызылорда қаласының төңірегінде Сырдария өзенінің арнасын тазалау» жобасын іске асыру басталды. Жобаны іске асыру мерзімі 3 жылға есептеліп, онда ұзындығы 8,9 шақырым өзен арнасын тазарту қарастырылған.

2020 жылы жобаны бастауға республикалық бюджеттен 350,0 млн. теңге бөлінді, оған қорғаныс бөгетін салу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының қоздырғышы болып табылатын кенелерден қолайсыз аймақ болып анықталған 117 елді мекенде көктемгі және күзгі дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен 213,2 млн. теңге бөлінді.

Бекітілген кестеге сәйкес көктемгі дезинфекция 2020 жылдың 17 сәуірі мен 15 маусымы аралығында, күзгі дезинфекция 2020 жылдың 21 тамызы мен 13 қазаны аралығында жүргізілді. Облыс бойынша залалсыздандыру жұмыстарының орташа тиімділік көрсеткіші 98,7%-ті құрады.

ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес елімізде төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты (15.03.2020 ж. №285) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алуға бағытталған өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілді.

Осыған сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның 15 отырысы ұйымдастырылып, онда аталған комиссия отырысының хаттамалық шешімімен бірінші кезекте коронавирус инфекциясына қатысты жедел ақпараттарды жинақтап, талдау мақсатында ақпараттық-талдау тобы құрылды.

Сондай-ақ, комиссия отырыстарының шешімімен пандемия кезінде тұрғындардың қажетті тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізімі бекітілді.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен облыс әкімдігінің қаулыларына сәйкес, (ҚР Президентінің «Әскери міндеттілерді арнаулы жиындарға шақыру туралы» 2020 жылғы 2 сәуірдегі №296 Жарлығы және Қызылорда облысы әкімдігінің «Азаматтарды әскери жиындарға шақыруды ұйымдастыру туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі және 2020 жылғы 17 сәуірдегі қаулылары) облыстың аумақтық қорғаныс бригадасына тіркелген 136 әскери міндетті арнайы жиындарға шақырылып, көшелер мен адамдар көп жиналатын нысандарды дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге және қоғамдық тәртіп сақтау шараларына тартылды. Оған қоса, аймақтық әскери бөлімнен 30 қызметкер тартылып, барлығы 4,3 млн. шаршы метр аумақты залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ

Білім беру

2020 жылы білім беру саласына 161,8 млрд. теңге бөлінді, өткен жылмен салыстырғанда 62%-ке артты (2019 ж. – 110,5 млрд. теңге).

Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие

Облыстағы 665 мектепке дейінгі білім беру ұйымында (161 мемлекеттік, 414 жеке, 90 шағын орталық) 55 065 бала тәрбиеленуде. 1 мен 6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі ұйымдарға қамтылуы 84,9 процент, 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 100 процент құрады (1 мен 3 жас – 24,1%).

70 орындық 3 мектепке дейінгі білім беру ұйымы ашылды, оның 2-і жекеменшік балабақша (Арал ауданында – 1, Жаңақорған ауданында – 2). Облыста жекеменшік балабақшалардың (414) үлесі 72,1 процентті құрап отыр.

Жалпы орта білім

Әлемдік пандемияға байланысты 2020 жылы наурыз айынан бастап, мектептер қашықтан оқыту форматына көшті. Осыған сәйкес, қашықтан оқыту жағдайында балалардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау жұмыстың негізгі басымдығы болды. Осы орайда, оқушылардың электронды құрылғыларымен және отбасы жағдайында интернетпен қамтылуына мониторинг жүргізілді.

18 мың мұғалім қашықтан оқыту жүйесі бойынша онлайн курстан өткізілді.

Қашықтан оқитын электронды құрылғылары жоқ оқушыларды компьютерлік техникамен қамту жұмыстары ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, мектеп балансынан 14203 компьютер, жергілікті бюджет есебінен 2492 планшет, демеушілер есебінен 1518 ноутбук пен планшеттер сатып алынды. Сондай-ақ, Үкімет резерві есебінен 3,2 млрд. теңгеге 22 870 компьютерлік құрылғы сатып алынды.

Пандемияға қарамастан аймақта апатты және үш ауысымды мектептерді жою мақсатында жаңа білім беру нысандарының құрылыстары жалғасып, жөндеу жұмыстарын жүргізумен қатар мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында жұмыстар атқарылды.

Жаңа оқу жылында 140 орындық 1 мектеп пайдалануға берілсе (Жалағаш ауданы С.Шәменов ауылындағы №34 мектеп), 1 апатты мектептің құрылысы жүргізілуде (Жаңақорған ауданындағы №169 мектеп). 2021 жылы Арал қаласындағы №71 апатты мектептің орнына жаңа мектеп құрылысы басталатын болады (982 млн. теңге).

Қыркүйек айында 600 орындық 1 мектеп (Жаппасбай батыр) іске қосылса, желтоқсан айында 500 орындық 1 жеке мектеп («Зерде») пайдалануға берілді.

«Қызылорда-Жезқазған» трассасы бойынан республикалық бюджет есебінен 600 орындық мектеп салынуда. Сондай-ақ, Қызылорда қаласынан жеке инвестор қаржысымен 300 орындық жеке мектептің құрылысы жүргізілуде.

3-бет



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2100 орынға арналған жаңа 3 мектептің жоба-сметалық құжаттамалары әзірленуде.

2021 жылы 200 орындық №268 мектепке жапсаржай салу жоспарланған (442 млн.теңге).

Сонымен қатар, 2021 жылы балалар қауіпсіздігіне байланысты Арал ауданындағы Сексеуіл кенті мен Жаңақорған кентінде 300 орындық 2 мектеп іске қосылатын болады.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 2020 жылы 7 млрд. теңгеге 55 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар атқарылуда.

2020 жылы облыстық бюджет есебінен 1,9 млрд. теңгеге 236 жаңа модификациялық пәндік кабинет (физика, химия, биология) сатып алынып, 42 мектеп «3Д модельдеу» жабдықтарымен толықтырылды.

2020 жылы 6060 мектеп түлектерінің 83,5 (5064) проценті Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Қорытындысымен жоғары оқу орындарына түсуге құжат тапсырған талапкерлердің 77 проценті (3058) грантқа қол жеткізді.

Жалпы 2020 жылы мектеп бітірушілердің 98 проценті жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуларын жалғастырды.

Облыста инклюзивті білім беруді дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған Жол картасын іске асыруға 4 млрд. теңге жоспарланған. Жол картасына сәйкес 2020 жылы 47 балабақша мен 44 мектепте арнайы инклюзивті кабинеттер ашылды. Бұл мақсатқа 505 млн. теңге бөлінді.

Облыста қосымша білім беруді дамыту үшін 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы әзірленуде.

2020 жылдың желтоқсан айында Арал қаласында 250 орынға арналған оқушылар үйі пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, 550 орынға арналған 3 қосымша білім беру ұйымының құрылысы жүргізілуде (Қармақшы, Жалағаш аудандарында, Қызылорда қаласында).

Білім саласының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін облысымыздағы 10 мұғалім алғаш рет әкім атынан бір реттік 833 мың теңге ақшалай сыйақы алды.

Кәсіптік-техникалық білім беру

Облыстағы 30 (17 мемлекеттік, 13 жеке) колледжде 19 795 студент білім алуда.

2020-2021 оқу жылында кәсіптік-техникалық білімі бар кадрларды даярлауға жергілікті бюджеттен 3 108 мемлекеттік тапсырыс, «Еңбек» бағдарламасы бойынша 1 515 мемлекеттік тапсырыс бөлінді.

2020 жылы 4 колледждің материалдық-техникалық базасы «Жас маман» жобасы аясында заманауи жабдықтармен жабдықталды. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге бөлінді. 2021 жылы аталған жоба 5 колледжде жүзеге асатын болады. Бұл үшін республикалық бюджеттен 1,3 млрд. теңге бөлінді.

2020 жылы 5 986 студент кәсіптік-техникалық оқу орнын бітіріп, оның 5130-ы жұмысқа орналастырылды (85,8 процент).

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында студенттер үшін жатақхана салынуда.

2021 жылы 600 орындық екі жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда.

Денсаулық сақтау

2021 жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша облыста медициналық ұйымдарға тіркелген халық саны 793 184 адамды құрып отыр, оның 267 411-і (33,7 проценті) балалар.

Тұрғындарға медициналық көмекті 23 стационарлық, 21 амбулаториялық-емханалық медициналық ұйымда (оның ішінде 13 мемлекеттік, 8 жеке) көрсетеді.

Кадр тапшылығын төмендету мақсатында 2020 жылы облысқа 109 дәрігер тартылып, олардың 36 проценті (39 дәрігер) елді мекендерге жіберілді.

Нәтижесінде, медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының дәрігерлермен қамтылуы 90 процентті құрады.

Соңғы 3 жылда дипломнан кейінгі резидентурада 61 маман, сондай-ақ, әкімнің арнайы грантымен 100 жалпы тәжірибелік дәрігер бакалавриат бойынша білім алуда.

Пандемиямен күрес шаралары аясында біршама жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, 200 төсектік тез салынатын модульдік аурухана мен Жалағаш ауданында 100 төсектік аурухана пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, Жалағаш ауданы Ақсу елді мекенінде және Арал ауданы Шижаға елді мекенінде дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Медициналық көмектің қолжетімділігін және сапасын арттыру мақсатында облыстағы медициналық ұйымдар жалпы құны 633,9 млн. теңгеге құрал-жабдықтармен қамтылды. Оның ішінде 11 стационарлық, 3 флюорографиялық рентген аппараты және 2 УДЗ аппараты сатып алынды.

Нәтижесінде құрал-жабдықтармен қамтылу көрсеткіші 77 процентке жоғарылады (2019 ж.-70,1%).

Шалғай жатқан елді мекендердегі тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджет қаражаты есебінен 2 жылжымалы медициналық кешен сатып алынса, жедел медициналық жәрдемнің қолжетімділігін арттыру мақсатында 40 санитарлық автокөлік сатып алынды.

Мәдениет және архив саласы

2020 жыл еліміз үшін айшықты оқиғаларға толы болды. Ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойлары мемлекеттік деңгейде атап өтілді. Мерейтойлар аясында тарихымызда жарқын із қалдырған көрнекті тұлғаларды насихаттауға бағытталған екі мыңға жуық мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай алғаш рет отандық классиканың інжу-маржаны А.Жұбановтың және Л.Хамидидің «Абай» операсы сахналанды. Қойылымға 100-ге жуық әртіс қатысты. Бұл қызылордалық әртістердің опера туындысын қоюдағы алғашқы тәжірибесі бола отырып, Сыр өнерінің мәртебесін асқақтатты. «Абай жырлары – Сыр мақамдарында» жобасы аясында ұлы Абайдың 20 шығармасы Сыр жерінің ақындарының орындауында шырқалды, бұл мерейтойлардың ішіндегі ерекшесі болды.

«Nur Otan» партиясымен бірлесіп «Абай жолымен» атты республикалық ақындар айтысы өткізіліп, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында Е.Төлеубайдың «Абай», Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына орай Д.Рамазанның «Абылай ханның арманы» спектакльдері сахналанды.

Сонымен қатар, театр репертуары Рахымжан Отарбаевтың «Нашақорлар жайлы новелла», Хүсейін Жүсіпұлының «Ешкімге керегі жоқ ауыл», Жан Мольердің «Ақымақ болған басым-ай» спектакльдерімен толықты.

Облыс кітапханаларында «Кемеңгерліктің биік шыңы – Абай», «Әлемге танылған Абай», «Әл-Фараби әлемі», «Алтын Орда – Ұлы Дала тарихы», «Алтын Орда: Тарих пен тағылым» атты тақырыптарда кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Астанамызда өткен «Абай тағылымы – тәуелсіздіктің тірегі» атты республикалық ақындар айтысында ақын Мұхтар Ниязов үшінші мәрте бас жүлде «Алтын домбыра» жеңімпазы атанды. Бағалы сыйлық Қызылордаға әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің құнды жәдігерлерінің тізіміне енгізілді.

Жыршы, ақын Күнсұлу Түрікпен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын иеленді.

«Қорқыт ата» мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілуіне орай Қорқыт күйлерін насихаттау үшін облыстық филармония жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылып, 2020 жылдың тамыз айында ансамбльдің тұсаукесер концерті өткізілді.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында көрермен назарына 206 спектакль ұсынылса, облыстық филармонияда 178 концерт қойылды. Оның ішінде 122 спектакль мен 156 концерт онлайн режимінде көрсетілді.

Есепті кезеңде облыс мәдениет үйлері мен клубтарда 9186 мәдени іс-шара өткізіліп, оған 1,6 млн. көрермен қамтылды. Оның ішінде 7665 шара онлайн режимде, қаралымы 1,4 млн. көрерменді құрады.

2020 жылы облыс кітапханаларының кітап қоры 4,478 мың дананы құрады, 58850 данасы жаңа кітаппен толықты. Оның ішінде 2,437 мың данасы мемлекеттік тілде.

Сондай-ақ, жыл көлемінде 194 082 оқырманға қызмет көрсетіліп, кітап берілімі 2,627 мың дананы құрады.

«Кітапхана қорларын цифрлау» бағдарламасы аясында 11 161 кітап (2 642 865 бет) цифрлық форматқа көшірілді. Облыс бойынша 64 коворкинг орталығы жұмыс жасайды.

Облыс музейлерінің қорында бүгінде барлығы 145 869 экспонат бар. Облыста «музеолог» бағдарламасы бойынша 4163 экспонат енгізіліп, музей қорларына 4 112 экспонат жинақталды.

Есепті кезеңде облыс музейлерінде 6 641 экскурсия, 850 лекция, 707 көрме ұйымдастырылып, оған 182 252 келуші қамтылды (оның ішінде: 4290 онлайн экскурсия, 575 онлайн лекция, 400 онлайн көрме, қаралымы 145 458).

Облыстағы архив мекемелеріне 16 129 құжат мемлекеттік сақтауға қабылданды. «Электронды архив» ақпараттық жүйесі бойынша 23 780 сақтау бірлігі сандық жүйеге көшірілді.

«Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша облыс архивіне жеке және заңды тұлғалардан 14 321 сұраныс түсіп, өз мерзімінде орындалды. Оның ішінде 373 сұраныс «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы келсе, «Электронды үкімет» порталы арқылы 13 385 және архив мекемелері арқылы 563 сұраныс түскен.

Елімізде орын алған пандемиялық жағдайға байланысты барлық іс-шаралар Youtube әлеуметтік желісіндегі «Сыр шаңырағы» каналында жариялау арқылы онлайн форматта өткізілуде. Бүгінгі күні 600-ден аса видеоматериал жарияланып, жалпы қаралымы 31296-ны құрады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықтың рухани құндылықтарын арттыру мақсатында «Сыр шаңырағы» каналында тұрақты түрде онлайн форматта «Тау тұлға – Тұрмағамбет», «Бабалар тарауы», «Жыр мұра», «Жауһар жыр», «Қанатты домбыра», «Сағынышқа айналған бейнең», «Асыл мұра», «Алдаспан» жобалары жүзеге асырылуда, көркемөнерпаздардың үйірме жұмыстарын насихаттау мақсатында «Үйірме – өнер бастауы» және елдің руханимәдени танымын арттыру мақсатында «Өнер әлемі», «Онлайн-спектакль», «Алтын уық», «Балаларға базарлық», «Сырлы саз», «Мәртебелі классика», «Шәмші әндері Сыр елінде» әндер шеруі ұйымдастырылып келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық мәдениетті дамыту, мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі «Рухани қазына -2020» республикалық фестивалін ұйымдастырды. Біздің облыстан 14 үміткер конкурсқа қатысып, 5 үміткер әртүрлі номинациялармен жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, облыстық филармонияның шығармашылық ұжымдары мен орындаушыларының қатысуымен «Сәлем, Елорда!» I республикалық онлайн өнер фестивалі шымылдығы «Сыр – Алаштың анасы» атты концертімен ашылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеу мақсатында ежелгі Бәбішмола қалашығына және ортағасырлық Сортөбе, Жанкент, Сығанақ, Қышқала, Асанас қалашықтарына археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Қазба жұмыстары барысында ортағасырлық қалашықтардың қорғаныс қабырғалары мен мұнаралары, кесенелер, тұрғын үйлердің орындары, маңызды құрылыс нысандары тазартылып, консервацияланды. Сонымен қатар, ежелгі және ортағасырларға тән алтын жапсырмалар, моншақтар, қыш ыдыстар, жылтыратылған керамикалық қаптамалар, сүйек және тұрмыстық бұйымдар табылды.

Жанкент қалашығында қазба жұмыстарымен қатар консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің дәстүрлері мен әдет-

ғұрыптары туралы баяндайтын тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі бейнесін көруге мүмкіндік жасалды.

Жаңақорған ауданы Шалқия кентінде 150 орындық ауылдық клубтың құрылыс («Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында) және Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 600 орындық мәдениет үйінің құрылыстары жүргізілуде.

«2020-2021 жылдардағы Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында облыста Қазалы ауданы Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылында 150 орындық ауылдық клуб, Қызылорда қаласындағы филармония ғимаратына, Шиелі ауданындағы тарихи-өлкетану музейіне қосымша ғимараттар құрылысы пайдалануға берілді. Жаңақорған ауданындағы Аққорған ауылдық округіндегі «Түгіскен» ауылдық клуб ғимаратына қайта жаңғырту жүргізілді. Сонымен қатар, 18 мәдениет нысанына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды.

Спорт

Облыста дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі көрсеткіші болып онымен жүйелі түрде шұғылданушылар үлесін арттыру маңызды болып табылады.

Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылардың үлесі 31,3 процентке артып, 254 101 адамға жетті. Бұқаралық спортты дамыту үшін 282 спорттық нұсқаушы 138 елді мекенде жұмыс істейді, онда дене шынықтырумен тұрақты айналысуға 42 мың адам қамтылған.

Облыста 21 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс жасайды. Сонымен қатар, жоғары білікті спортшылар мектебі, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, олимпиада резервін даярлау орталығы бар.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар саны 20 964-ті құрап, 4 процентке артқан (2019 жылы – 20 147 адам).

2020 жылы 350 спорттық-бұқаралық іс-шара өткізіліп, оған 55 600 адам қатысты.

Облыста Н.Ергешбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан ашық Азия кубогі мен Д.Қонаевты еске алуға арналған волейболдан ардагерлер арасында халықаралық турнир және 6 рет қазақ күресінен республикалық турнир, көркем гимнастикадан, еркін күрестен, футзалдан, волейболдан, 4 рет ауыр атлетикадан, ұлттық жекпе-жектен, гандболдан, волейболдан Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен кубоктары өткізілсе, сонымен қатар, балалар-жасөспірімдер спорт мектептері арасында 11 облыстық біріншілік ұйымдастырылды.

Пандемия жағдайына байланысты көркем гимнастикадан, гір көтеру спортынан, тоғызқұмалақтан, қоссырықта қолды бүгіп жазу, футбол фристайлдан, каратэдо, көркем гимнастикадан, таэквандо және жалпы дене жаттығулары бойынша онлайн форматта 1000-нан астам спортшы қатысқан 19 жарыс өткізілді.

Пандемия кезеңінде халық арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында YouTube желісінде «Сыр спорты» каналы құрылып, онда спортты насихаттайтын 100-ден аса видеоролик жүктелді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша облыс спортшылары Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен кубоктарында 353 (104 алтын, 104 күміс, 145 қола) медаль жеңіп алса, әлем және Азия чемпионаттарында 25 (16 алтын, 5 күміс, 4 қола) медаль олжалады.

Спортшылардың 9-ы Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 39-ы Қазақстан Республикасының спорт шебері, 1-уі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушы, 1-уі ұлттық спорт төреші, 377-сі Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер, 125-і I спорттық разрядты спортшы атанса, 670 спортшы Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама сапына енді.

Перу астанасы (Оңтүстік Америка) Лима қаласында жасөспірімдер арасындағы ауыр атлетикадан өткен әлем чемпионатында Рахат Бекболат 1-ші орын алып, әлемдік рекорд орнатты. Айсамал Сансызбаева 1-ші орын алып және қыздар арасында үздік спортшы атанды.

Алматы қаласында өткен грек-рим, еркін және әйелдер күресі чемпионатында облыс балуандары өнер көрсетіп, командалық есепте орын алды.

2021 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындарына қатысуға әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері, Азияның 3 дүркін чемпионы Дәулет Ниязбеков және Азия мен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев лицензия алды.

Тұрғындар үшін спорт объектілерінің қолжетімділігін, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің желісін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде шұғылданушылар санын ұлғайту мақсатында 2020-2021 жылдарға 12 жоба кезең-кезеңімен іске асырылуда. 2020 жылы 55 жұмыс орыны құрылған 5 жоба іске қосылды (Қызылорда қаласы Сәулет ауданында, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде, Жаңақорған ауданы Сунақ ата, Қожакент ауылдық округтерінде спорт кешендерін жалға алу, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу).

Сонымен қатар, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы аясында 22 жоба жүзеге асырылды (9 жоба жаңа құрылыстар, 10 жоба – ағымдағы жөндеу, 2 жоба – қайта жаңғырту, 1 жоба – күрделі жөндеу жұмыстары). Оның ішінде, Қызылорда қаласында 3 тренажер мен стритбол алаңы (Бұқарбай батыр көшесі, Тасбөгет кентінде, Ғ.Мұратбаев көшесі), Жаңақорған ауданында 1 (Жаңақорған кенті Түгіскен елді мекенінде), Қармақшы ауданында – 2-еуі (Жосалы, Төретам кенттерінде) пайдалануға берілді.

Қызылорда қаласындағы облыстық №6 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіндегі футбол алаңына және Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі орталық стадионына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы Жалаңтөс баһадүр Сейтқұлұлы атындағы облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

ІШКІ САЯСАТ

Мемлекеттік ақпараттық саясат

Облыстың медиа кеңістігінде 101 (12 мемлекеттік, 89 тәуелсіз) бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасауда. Оның ішінде 8 электронды, 3 ақпараттық агенттік, 3 интернет сайт, 87 баспа БАҚ бар.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу тиімділігін арттыру мақсатында 2020 жылдың 13 қаңтарында барлық негізгі салалар бойынша ақпараттық жарияланымдарды қамтитын облыстың Бас медиа-жоспары бекітілді. Сонымен қатар, түрлі тақырыптар бойынша 15 медиа-жоспар бекітіліп, ақпараттық жұмыстар жүргізілуде.

Есепті кезеңде 524 брифинг, 40 баспасөз туры өткізілді.

Сондай-ақ, жоспар бойынша халықты цифрлық телехабар таратумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні Қызылорда облысында ұлттық цифрлық телехабар тарату қызметіне 130215 абонент қосылған («Қазтелерадио» АҚ-ның деректері бойынша).

2020 жылы жергілікті БАҚ өкілдерінің басшылары мен республикалық БАҚ меншікті тілшілерімен 4 кездесу өткізіліп, журналистердің мәселелері тыңдалды.

Интернет-сайттармен жұмыс

2020 жылы интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде 43 731 материал жарияланды, оның ішінде 26 054 оң, 10761 бейтарап және 6916 сыни пікір.

Қызылорда облысына қатысты ұсыныстар мен сыни-пікірлер бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін, мемлекеттік органдармен байланыс жұмыстары жүргізілді.

2020 жылы «YouTube» видеохостингінде «Syr Qogamy», «Syr shanyragy», «Syr sporty», «Syr birligi», «Syr jastary» каналдары ашылды.

Egov.kz порталында ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында «Ашық диалог» парақшасында Қызылорда облысы әкімінің қатысуымен онлайн режимінде әртүрлі тақырыптарда интернет-конференциялар ұйымдастырылуда.

2020 жылы 12 интернет-конференция ұйымдастырылды. Олардан 43 сұрақ келіп түсіп, барлығына онлайн режимде жауап берілді.

Сонымен бірге, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін «Ашық диалог» порталында жыл сайын сауалнама жүргізіледі. Жыл басынан бері порталға 4 сауалнама орналастырылды.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында республикалық 10 интернет-сайтпен (2792 материал жариялау), 1 әлеуметтік жобамен, әлеуметтік желі белсенділерімен (блогерлер) жұмыс жасалып келеді. Интернет-порталдарда күнделікті облыстағы имидждік бағыттағы жаңалықтар орналастырылады. 2020 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында республикалық сайттарда 2222 имидждік материал жарияланды.

Мемлекеттік тіл саясаты және ономастика

2020 жылы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 82 млн. теңге бөлінді.

Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы арқылы 2604 адам тілдерді оқыту курстарынан өтті, оның ішінде 1126 адам мемлекеттік, 596 адам орыс, 882 адам ағылшын тілін оқыту курстарынан өтті.

Облыстық «Qyzylorda» телеарнасында жастардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін оятуға бағытталған «Маржан сөз» ойыны және жаңа қазақ әліпбиінің емле ережелерін түсіндіруге бағытталған «Тілтаным» бағдарламасы жүргізілуде.

«Аймақта мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, қазақ тіліндегі контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауы өткізілді.

Байқау қорытындысымен «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Сайттағы үздік мақала» номинациялары бойынша жеңімпаздар анықталып, диплом және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қазақстан халқы тілдері күнін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қазақстандық рухани бірлікті қалыптастыру мақсатында 100 іс-шара өткізілді.

Жаңа әліпби ережелерін түсіндіру және талқылау мақсатында 44 іс-шара ұйымдастырылды.

«Ұлттық ономастика – ел айнасы» байқауында облыс Бас жүлдені, «Үздік оқытушы» байқауында III орын, этникалық жастар арасында «Мемлекеттік тәуелсіздік символы» байқауында III

орынды иеленді.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен облыстың 10 білім және мәдениет ұйымына атаулары берілді (Қызылорда қаласындағы №172 орта мектепке Н.Ергешбаевтың, №271 орта мектепке Б.Ермекбаевтың, «Өнер» мектебіне М.Қалауовтың, «Мұрагер» мектебіне Абай Құнанбаевтың, Арал ауданындағы № 262 мектеп-гимназиясына Ұ.Қарамановтың, Шижаға ауылдық мәдениет үйіне Б.Тәңірбергеновтің, Қазалы аудандық мәдениет үйіне Р.Бағланованың, Қармақшы ауданындағы №80 мектеп-гимназиясына Т.Жүргеновтің, №279 орта мектепке Е.Көшербаевтың, Жалағаш ауданындағы №201 мектеп-лицейіне Әл-Фарабидің есімдері берілді).

Облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың бірлескен шешімімен идеологиялық тұрғыдан ескірген және қайталанатын 7 әкімшілік-аумақтық бірліктің атаулары өзгертілді (Арал ауданының «Октябрь» ауылдық округі – «Аққұм», Қазалы ауданының Қарашеңгел ауылдық округінің «Водокачка» ауылы – «Шитүбек», Шиелі ауданының Ақмая ауылдық округінің «Полуказарма» ауылы – «Қосарық», Алмалы ауылдық округінің «Лесхоз» ауылы – «Тоғайлы», «Гигант» ауылдық округі – «Бәйтерек», «Төңкеріс» ауылдық округі – «Тұран» атауларымен, Жаңақорған ауданының «Бесарық» ауылдық округі «Жаманбай батыр» есімімен қайта аталды).

Облыстық ономастика комиссиясының 3 отырысы өткізіліп, барлығы 177 ұсыныс қаралды, оның 129-ы қолдау тапты.

Көрнекі ақпараттарда тіл туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында 828 нысанға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде кемшілігі анықталған 47 нысанға ескерту жасалды.

Сонымен қатар, мемлекеттік мерекелер мен айтулы күндерге орай қала, аудандардағы халық көп шоғырланатын қоғамдық орындар мен орталық көшелерге орналастырылатын билборд-тардың эскиздеріне келісім беру жұмыстары жүргізілді.

«Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесіне жергілікті әкімдіктердің ұсыныстарына сәйкес 140 топонимикалық атау енгізілді.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы

Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамында 11 этномәдени бірлестік, 6 этноға бағдарланған үкіметтік емес ұйым және 9 қоғамдық құрылым жұмыс атқарады.

Сонымен қатар Қорқыт ата атындағы

4-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қызылорда университетінің «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасымен тығыз әріптестік байланыс орнатылған.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті насихаттау бойынша ҚХА 25 жылдығына арналған облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қайырымдылық керуені» акциясы, «Сыр өңірі – бейбітшілік пен келісім мекені» этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері және «Қазақтану» мәдениағартушылық жобалары жүргізілді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша облыстық Ассамблеяның ұйымдастыруымен және бастамасымен түрлі форматтағы 318 іс-шара өткізіліп, онда 17154 адам (онлайн аудитория) қамтылды.

Ғылыми-сарапшылық топ мүшелерінің қатысуымен 26 іс-шара өткізіліп, 32 ғылыми жұмыс және мақала жарияланды. Ғылыми-сарапшылық топ мүшелерінің 13 онлайн лекторийі ұйымдастырылды.

Облыстық Қоғамдық келісім кеңесі 3 отырыс және 8 қоғамдық бақылау өткізді.

ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай облыстық ҚХА және «Рухани жаңғыру» орталығының бастамасымен «Тұңғыш Президент және Тәуелсіз Қазақстан: Тарих. Бүгін. Болашақ» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Медиация институтын насихаттауға арналған 88 түрлі форматты іс-шара ұйымдастырылса, аталған шараларға 2600-ден астам тұрғын қамтылды.

YouTube видеохостингінің «Сыр бірлігі» каналында 250 бейнеролик орналастырылды. Сондай-ақ республикалық және облыстық БАҚ-та 784 материал, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда 417 бейнеролик, 1489 жариялым жарық көрді.

Жастар саясаты

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жыл «Волонтер жылы» деп жарияланды.

Волонтер жылы аясында азаматтық қоғам өкілдері мен жастардың бастамасымен облыстық «Волонтерлардың фронт-офисі» құрылды. «Фронт-офис» волонтерларының көмегімен 8451 мұқтаж отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 4 870 балаға қажетті оқу құралдары табыс етілді.

«Еріктілер қозғалысын дамытуға арналған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында есепті кезеңде облыс көлемінде түрлі бағыттағы 89 іс-шара (7 бағыт бойынша 64 акция, 10 тренинг, 15 онлайн конференция) ұйымдастырылып, 2000-ға жуық волонтер тартылды. Жыл қорытындысымен жоба аясында 10 жас волонтер арнайы номинациямен және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Сонымен қатар, пандемия кезінде өңірдің еріктілері Мақтаералдағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарына азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық заттар мен материалдық көмек жинауға қатысты. Нәтижесінде 107 өңір азаматы, оның ішінде 11 жас ерікті «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Сондай-ақ, әлеуметтік және қоғамдық міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін облыстың 3 жас азаматқа «Жыл еріктісі» халықаралық сыйлығы берілді.

Облыстағы 14-тен 29 жас аралығындағы жастар саны 175 728 (21,9 процент) адам, оның ішінде қала жастары 73196 адам (41,7 процент), ауылдық 102 532 адам (58,3 процент).

2020 жылы облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатына жергілікті бюджеттен 536,5 млн. теңге бөлінді (2019 жылы 517,6 млн. теңге), оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 36 жобаны жүзеге асыру үшін 176,7 млн. теңге қарастырылған.

Аталған 36 жоба аясында 15000-нан астам (15 484) жас қамтылған 400-ден астам (412) іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шаралардың басым бөлігі карантин талаптарына сәйкес онлайн форматта өтті.

Сондай-ақ, 4000-нан астам (4076) жас ұйымдастырылған жобалар аясында мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша консультациялық іс-шаралармен қамтылды.

«Kyzylorda Business Hub» облыстық стартап жобалар байқауының нәтижесімен 11 жобаға 19,8 млн. теңге инвестиция тартылды («Sapaly Bilim» оқу орталығы, «Жиналмалы шай стол дайындау», «M-Lux» химиялық тазалау орталығы», «Көркемсурет өнері», «MD» денсаулық және Spa клубы, «Kids city» орталығы, «Бөбек» сауықтыру орталығы, «Тұрғындарды аяқсумен қамтамасыз ету» жобасы, «Фурнитура дүкені (Қолөнер курсы)», «Arqau» мәзірлер дайындау» жобасы, «Контейнерлік дүкендер мен үйлер»).

Жастармен атаулы жұмыс жасау үшін облыста 9 Жастар ресурстық орталығы, сондай-ақ Байқоңыр қаласындағы бөлімше жұмыс істейді. Өңірлік жастар ресурстық орталықтарының жалпы штат саны 130 қызметкерді құрайды (облыстық жастар ресурстық орталығында – 59 қызметкер, қалалық жастар ресурстық орталығында – 12, Арал ауданында – 22, Қазалы ауданында – 6, Қармақшы ауданында – 6, Жалағаш ауданында – 7, Сырдария ауданында – 7, Шиелі ауданында – 7, Жаңақорған ауданында – 4).

«Жас құрылысшылар» жастар еңбек жасағы аясында 2020 жылдың мамырқазан айларында 307 жұмыссыз жас 9 жергілікті құрылыс компаниясына жұмысқа орналастырылды.

Ресей Үкіметі бюджеті есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербургтағы үздік жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алған студент саны 600-ге жетті, ал 2020 жылы олардың 111-і диплом алды (есепті кезеңде 16 адам жұмысқа орналастырылды, 28-і Ресей Федерациясының оқу орындарында оқуын жалғастырып, магистратураға түсті, 12 жас ұсынылған жұмыстан бас тартты, 55 жергілікті кәсіпорындармен, жұмыспен қамту мекемелерімен келіссөздер жүргізілуде).

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 процентті құрады. NEET санатына жататын жастар 8,2 процентті құрады (2020 жылдың 4 тоқсанына).

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2020 жылдың 12 айында облыс бойынша 3692 қылмыс тіркелді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 36,6%-ке төмендеген (2019 ж.-5823).

Оның ішінде адам өлтіру саны 19%-ке (26-дан 21-ге), қасақана ауыр дене жарақатын салу 8%-ке (37-ден 34-ке), зорлау 34%-ке (23-тен 15-ке), қарақшылық шабуыл 16%-ке (6-дан 5-ке), тонау 46%-ке (103-тен 55-ке), бұзақылық 43%-ке (292-ден 166-ға) және ұрлық

57%-ке (3385-тен 1428-ге) төмендеді.

Сонымен қатар, қоғамдық орында жасалған қылмыстар саны 41,7%-ке (1545-тен 900-ге), көшелерде 33,2%-ке (779-дан 520-ға), бұрын сотты болғандардың қылмыс жасауы 3,8%-ке (1138-ден 1095-ке), мас күйінде 21,6%-ке (459-дан 360-қа), атыс қаруымен 51,9%-ке (27-ден 13-ке) және жасөспірімдер жасаған қылмыстар 33,0%-ке (97-ден 65-ке) азайды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде аса ауыр қылмыстар (+12%-ке, 79,4-тен 92,3%-ке), орта қылмыстар (+10,1%-ке, 30,2-ден 40,3%-ке) және жеңіл қылмыстардың (+1,8%-ке, 69,9-дан 71,7%-ке) ашылуы артты.

Бұрын жасалған қылмыстар 6%-ке (168-ден 178-ге), оның ішінде ауыр түрлерінің ашылуы 2 есеге жақсарды (12-ден 25-ке).

Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында облыс орталығында 13 дана «Аркан» жылдамдық өлшейтін жүйесі және қосымша 6 бағдаршам нысаны орнатылды, олар арқылы 36 813 құқықбұзушылық анықталып, 348,5 млн. теңге айыппұл салынса, оның 241,5 млн. теңгесі өндірілді.

Қабылданған шаралар нәтижесінде облыста жол-көлік оқиғалары 12,7%-ке (581-ден 507-ге), қайтыс болғандар саны 34%-ке (135-тен 88-ге) және жарақат алғандар саны 14%-ке (677-ден 582-ге) төмендеді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

2020 жылы 17602 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланса, нақты 20206 (114,7%) жаңа жұмыс орны құрылды, соның ішінде 14974-і тұрақты.

Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде 42 279 адам хабарласып, 26 221-і тұрақты және уақытша жұмыспен қамтылды (62,0%).

Жұмысынан айырылуына байланысты 7 139 адамға композиттік қызмет көрсетілді.

56 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, оған 3409 жұмыс беруші қатысып, 2393-і жұмыспен қамтудың белсенді түрлеріне (о.і. 1 631 адам – тұрақты жұмысқа) жолдама берілді.

2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламасын жүзеге асыруға 2020 жылы 12,8 млрд. теңге (25 284 адам) қаралды.

Бағдарламаға 37 744 адам енгізілді (жұмыссыздар – 50,6% (19097 адам), өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 21,0% (7917 адам), жұмыс іздеушілер – 28,4% (10730 адам).

Бағдарламаның бағыттары бойынша:

Бірінші бағыт – Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету:

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға 1515 адам оқуға жіберілді.

Жұмыс берушілер мен ваучердің өтінімдері бойынша еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 1036 адам (жоспар – 1000 адам).

Екінші бағыт – Жаппай кәсіпкерлікті дамыту:

1) «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 2181 адам оқуды аяқтап (жоспардан – 100%), сертификатын алды, оның ішінде 1790-ы грант пен шағын несиеге ие болды (90,1%).

2) Ауылдағы және қалалардағы кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында 886 адам (107,5%) шағын несие алды (3381,8 млн. теңге) (жоспар – 824 адам). Қосымша 809 жаңа жұмыс орны ашылды.

3) Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 5 011 адам (2767,7 млн. теңге) мемлекеттік грант алды (жоспар – 5011 адам, 2767,7 млн. теңге).

Үшінші бағыт – Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығын дамыту және еңбек ресурстарының ұтқырлығы. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 31 670 адам қамтылды:

- бос жұмыс орындарына 14 734 адам (жоспар – 13900),
- әлеуметтік жұмыс орындарына 1245 адам (жоспар – 616) жолданып, олардың 1148-і жұмысын аяқтап, 760-ы тұрақты жұмыспен қамтылды (66,2%),
- жастар тәжірибесіне 4497 адам (жоспар - 2929) жолданып, жұмысын аяқтаған 2836 адамның 941-і тұрақты жұмысқа орналасты (33,2%),
- қоғамдық жұмыстарға 11194 адам (жоспар – 8102 адам) жолданып, 11182-ы жұмысын аяқтап, олардың 1161-і тұрақты жұмыспен қамтылды (10,4%).

Жыл басынан солтүстік өңірлерге 92 отбасы (құрамында 244 адам) қоныс аудару квотасына енді: оның ішінде Қостанай облысына 41 отбасы (92 адам), Солтүстік Қазақстан облысына 20 отбасы (69 адам), Шығыс Қазақстан облысына 23 отбасы (46 адам), Павлодар облысына 8 отбасы (37 адам).

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» аясында облыс бойынша 291 инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға 40,1 млрд. теңге бағытталды, оның ішінде:

16,6 млрд. теңге әлеуметтік-мәдениет объектілерді салуға, күрделі және ағымдағы жөндеуге 126 жобаға, 314 тұрақты жұмыс орны;

7,2 млрд. теңге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы құрылыс, күрделі және ағымдағы жөндеуге, 42 жобаға, 1658 жұмыс орнына;

13,8 млрд. теңге инженерлік-көлік саласында күрделі және ағымдағы жөндеуге, 70 жобаға, 3474 жұмыс орнына;

2,4 млрд. теңге елді мекендерді абаттандыру, 53 жоба, 899 жұмыс орны.

291 жобаның 261-і аяқталып, интеграциялық картаға енгізілді.

10142 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде жұмыспен қамту органдар арқылы 5638 адам. Орташа еңбекақы 88 242 теңгені құрады.

Жұмыспен қамту Жол картасы жобаларын іске асыру кезінде жергілікті өндірушілердің үлесі 95,0%-ті құрады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ті құрады.

Есепті кезеңде жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек жалпы сомасы 5,2 млрд. теңгеге 68 077 адамға (13056 отбасы) төленді.

Әлеуметтік келісімшарт негізінде шартты ақшалай көмек алушылардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 3 584 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды (1 430 тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды, 59 әлеуметтік жұмыс орындарына, 1500 қоғамдық жұмыстарға, 47 жастар тәжірибесіне, біліктілігін арттыруға 61, кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу 306).

4 744 отбасына 231,1 млн. теңгеге тұрғын үй көмегі төленді.

Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру шеңберінде 2020 жылы «Сыр мейірімі» жобасын қаржыландыруға облыстық бюджеттен 49,5 млн. теңге бөлінді. Жоба аясында күн сайын 225 жалғызбасты қарт, өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз мүгедектер, сапалы тамақтануды қажет ететін науқастар 55 104 түскі ыстық тамақпен қамтылды.

Мұқтаж азаматтардың 41754 жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау үшін 1,5 млрд. теңге сомасында әлеуметтік көмек төленді.

Пандемия кезеңінде табысынан айырылған 213 269 адам 42500 теңге мөлшерінде әлеуметтік төлем алды.

Жекелеген санаттағы азаматтарды азық-түлік пен тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз ету үшін 67 837 адам 5567 теңгеден (1,4 млрд. теңге) әлеуметтік төлем алды.

«Birgemiz Qyzylorda» өңірлік қоры арқылы 29 475 отбасына 50 000 теңгеден (1,5 млрд. теңге) төленді.

14869 отбасыға жалпы сомасы 160,6 млн. теңгеге азық-түлік және тұрмыстық жиынтық түрінде қайырымдылық көмек көрсетілді.

Мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда. 2020 жылы мүгедектерді оңалтудың 19239 жеке бағдарламасы әзірленіп, 86,8%-і орындалды.

Жұмыспен қамту орталықтары арқылы 917 мүгедек жұмыспен қамтылды (264 – тұрақты жұмыспен, 22 – әлеуметтік жұмыс орындарымен, 50 – жастар тәжірибесіне, 581 – қоғамдық жұмыстарға тартылды).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

Көлік

2020 жылы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары желісін дамытуға 19,7 млрд. теңге бөлініп, ұзындығы 492 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөнделді. Атап айтқанда:

1) «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 5,25 млрд. теңге (облыстық және аудандық маңызы бар 136 шақырым жолдарды жөндеу);

2) «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1,53 млрд. теңге (Қызылорда қаласының Сырдария өзені жағалауының ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын магистральды көше құрылысы);

3) «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 1,78 млрд. теңге (ұзындығы 72 шақырымды құрайтын 66 көшені орташа жөндеу);

4) «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы бойынша – 8,85 млрд. теңге (263 жоба, 255 шақырым жолды, көшелер мен көпірлерді күрделі және орташа жөндеу, 2692 жұмыс орнымен қамту);

5) Жергілікті бюджеттен автомобиль жолдарын ұстап тұруға, елді мекендер көшелері мен көпір өткелдерін жөндеуге 2,32 млрд. теңге бөлініп, 30,4 шақырым көшелер мен жолдар жөнделді.

Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар жолдар үлесі 70%-ке жетті (2019 жылы – 63,5%).

Құрылысы 2018 жылы басталған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы ұзындығы 4,9 шақырымдық (Ғ.Мұратбаев көшесіндегі көпірден «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне дейін) басты магистральды көше пайдалануға берілді. Аталған көшенің құрылысына 2018-2020 жылдары облыстық бюджеттен барлығы 2,5 млрд. теңге бөлінді. Оған қоса, республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген 632 млн. теңгеге «Шіркейлі» каналы арқылы өтетін көпірдің құрылысы аяқталды.

Осылайша, облыс орталығы арқылы өтетін көлік ағыны азайып, реттеліп, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистральдық автожолына тікелей шығу қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бас магистральды көшенің «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автотрассасына шығатын жерінде көлік айырығы құрылысы басталды. Бұл мақсатқа республикалық және облыстық бюджеттерден 2020 жылы 302 млн. теңге бөлінді.

Сонымен қатар, Қазалы ауданының «Әлсейіт» учаскесінде Сырдария өзені арқылы өтетін көпір салынып, пайдалануға берілді.

Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласын қосатын ұзындығы 7 шақырымдық төрт жолақты жолдың құрылысы басталды. Аталған жол тұрғындардың елді мекендер арасында кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ететін болады. Бұл өз кезегінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар халықтың әл-ауқатының жақсарып келе жатқандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, Қазалы ауданының «Қарлан» учаскесінде Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысының жобасы әзірленуде, құрылыстың басталуы 2021 жылға жоспарлануда.

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында Жаңақорған ауданындағы апатты жағдайдағы көпірге күрделі жөндеу жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Шиелі ауданы орталығында теміржол арқылы автомобиль көпірі салынып, пайдалануға берілді, сонымен қатар Тартоғай елді мекенінің кіреберіс жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

212 елді мекенді, кенттерді, ауылдарды, аудан және облыс орталықтарымен байланыстыратын 204 автобус маршруты ұйымдастырылған. Олардың 71-і ауданаралық, 101-і ауданішілік және кентішілік, 32-сі қалаішілік және қала маңы маршруттары болып табылады.

Сонымен қатар, Ташкент қаласына 1 халықаралық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Жезқазған, Сарыағаш, Шымкент, Түркістан, Ақтөбе және тағы басқа қалаларға облысаралық 13 автобус маршруты ұйымдастырылған.

Бұл маршруттарда әртүрлі сыйымдылықтағы 1354 автобус (5 халықаралық, 109 облысаралық, 266 ауданаралық, 335 ауданішілік, 639 қалалық және қала маңы) жұмылдырылған.

2020 жылы автомобиль көлігімен 118,2 млн. жолаушы тасымалданған.

Облысаралық және ауданаралық маршруттардағы жолаушыларға қызмет көрсететін 4 автовокзал мен 8 автостанция жұмыс жасайды.

«Қорқыт ата» әуежайы арқылы аптасына барлығы 34 тұрақты рейс орындалуда (жазғы маусымда 40), оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласына 15 рейс, Алматыға 17 рейс, Қарағандыға 2 рейс.

2020 жылы әуежайдан 86,3 мың жолаушы жөнелтілді.

«Қорқыт ата» әуежайының қолданыстағы терминалын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде жобасметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары аяқталуда. Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынған соң құрылыс жұмыстары басталады.

Тұрғын үй құрылысы

2020 жылдың қаңтар- желтоқсанында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 609 мың шаршы метрге жетіп, 2019 жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда 20,0 процентке төмендеді.

Төмендеу көппәтерлі және жеке тұрғын үйлер құрылысы көлемінің азаюымен байланысты.

2020 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 19,8 млрд. теңге бөлінді (республикалық бюджет – 8,1 млрд. теңге, облыстық бюджет – 5,5 млрд теңге, облигациялар шығару есебінен – 6,2 млрд. теңге).

1988 пәтерлі 100 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, оның 408 пәтерлі 39 тұрғын үйі пайдалануға берілді. Оның ішінде:

1) сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйлер бойынша 815 пәтерлі 20 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оның ішінде Қызылорда қаласында 725 пәтерлі 15 тұрғын үй, Шиелі ауданында 90 пәтерлі 5 үй бар.

Одан басқа, 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту бағдарламасы аясында Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде 42 пәтерлі 2 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жыл ішінде барлығы 150 пәтерлі 5 жалға берілетін тұрғын үй пайдалануға берілді (Қызылорда қ. – 90 пәтерлі 2 үй, Шиелі ауданы – 18 пәтерлі 1 үй, Сырдария ауданы – 42 пәтерлі 2 үй).

2) кредиттік тұрғын үй бойынша 755 пәтерлі 68 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оның ішінде Қызылорда қаласындағы «СПМК-70» тұрғын ауданында 640 пәтерлі 13 көпқабатты тұрғын үй, Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиелі аудандарында – 115 пәтерлі 55 үй.

2020 жылы үш ауданда 90 пәтерлі 30 бір қабатты тұрғын үй пайдалануға берілді (Арал ауданында 40 пәтерлі 10 үй, Қазалы ауданында 40 пәтерлі 10 үй, Жалағаш ауданында 10 пәтерлі 10 үй).

3) жеке коммерциялық құрылыс салушылар есебінен 376 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, 2020 жылдың соңында 168 пәтерлі 4 тұрғын үй пайдалануға берілді.

Одан бөлек, жергілікті бюджет қаражаты есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін Қызылорда қаласында 10 тұрғын үй және Жаңақорған ауданының Жаңақорған кентінде 18 пәтерлі үй сатып алынды.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның 25 жобасын іске асыруға 5,1 млрд. теңге бөлінді (республикалық бюджет – 2,7 млрд. теңге, облыстық бюджет – 2,4 млрд. теңге).

2020 жылы облыс бойынша 191,8 шақырым инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым пайдалануға берілді.

Газдандыру

2020 жылы газбен жабдықтаудың 10 жобасын іске асыру үшін 4,9 млрд. теңге бөлінді, оның 3,5 млрд. теңгесі республикалық бюджеттен, 975,9 млн. теңгесі облыстық бюджеттен, 462,4 млн. теңгесі «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасымен. Оның ішінде:

- «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасымен 3 газбен жабдықтау жобасы жүзеге асырылды (Қазалы ауданының Ғани Мұратбаев елді мекені, Шиелі ауданының Байсын елді мекені, сондай-ақ Арал ауданы Арал қаласының газдандырылмаған көшелері),
- Республикалық және облыстық бюджеттер есебінен 3 жоба жүзеге асырылды (Арал ауданының Жақсықылыш кенті, Сырдария ауданының Тереңөзек кенті, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінің газдандырылмаған көшелері), 2021 жылға өтпелі болып табылатын 4 жоба бойынша (Қармақшы ауданының Жосалы кенті, Жалағаш ауданының Жалағаш кенті, Қазалы ауданының Қазалы қаласы, Шиелі ауданының Бекежанов ауылы) жұмыстар жалғасуда.

Жұмыстардың нәтижесінде 256,9 шақырым газ құбыры жүргізіліп, өңірдің 20 мыңнан астам тұрғыны табиғи ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие болып, газдандырылған халықтың үлесі 65%-ке дейін артты.

Электрмен жабдықтау

2020 жылы электрмен жабдықтау желілерін дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген қаражатқа (3,3 млрд. теңге) 5 жоба іске асырылды. Оның ішінде:

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша «Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 220/35/10 кВ Жосалы қосалқы стансасын қайта жаңғырту» жобасы.

«2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы бойынша «Қармақшы ауданы Төретам кентіндегі №22 35/10 кВ қосалқы стансасын кеңейту және қайта жаңарту» және «Қармақшы ауданы Төретам кентіндегі Ақай ауылдық округіндегі 6-10/0,4 кВ электр желілерін кеңейту және қайта жаңғырту» жобалары.

Аталған жобалар шеңберінде 100 шақырымнан астам электр желілері, кернеулігі 220/35/10 кВ, 35/10 кВ екі қосалқы станса қайта жаңғыртылды, 33 дана қосалқы трансформаторлық қондырғы орнатылды. Нәтижесінде аталған аудан тұтынушылары үздіксіз әрі сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етілді.

«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша Қармақшы ауданындағы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасын және Қазалы ауданындағы «РЗА» АҚ-ның мал шаруашылығы фермасын электрмен жабдықтаудың 2 жобасы жүзеге асырылды. Нәтижесінде 24,4 шақырым 10 кВ әуе желісінің құрылысы салынып, 1 дана қуаттылығы 1600 кВА екі трансформатор орнатылды.

Облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа Жалағаш ауданының Аққыр, Мәдениет, Жаңадария, Жаңаталап елді мекендерін электрмен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жұмыстары аяқталды. Аққұм және Бұқарбай батыр елді мекендерінде құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда.

Одан бөлек, Қызылорда қаласының «Сабалақ» саяжайындағы алты учаскедегі тұрғындардың өз бетінше салған электр желілерін құрылыс нормаларының талаптарына сәйкестендіру жұмыстары аяқталды. Нәтижесінде, кернеулігі 10/0,4 кВ 30 шақырым электр желісі салынып, 6 дана әртүрлі қуаттылықтағы қосалқы трансформаторлық қондырғы орнатылды, 540-тан астам тұтынушы тұрақты әрі сапалы электр энергиясымен қамтылды.

Жылумен жабдықтау

2020 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік және «2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласының 19 әлеуметтік нысанының қазандықтары газбен жылытуға ауыстырылды.

Сонымен қатар, спорт саласындағы 2 жоба бойынша 2 әлеуметтік нысанның қазандықтарын қайта жабдықтау бойынша жобалау-сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптамасының қорытындысы алынды.

Сондай-ақ, «Қызылорда қаласының Қызылорда жылу-электр орталығын жаңғырту және кеңейту» жобасы бойынша техника-экономикалық негіздемесі әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтудың Жол картасы және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 4 млрд. теңгеге 7,9 шақырым жылу желілері қайта жаңғыртылды.

Сумен жабдықтау және су бұру

2020 жылы облыстың ауызсу және кәріз жүйелерін жаңғырту және құрылысына «Нұрлы жер» мемлекеттік

5-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

бағдарламасы, «Жұмыспен қамту жол картасы», «Бизнестің жол картасы-2025», «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы және облыстық бюджеттен жалпы құны 4,6 млрд. теңге бөлініп (республикалық бюджеттен 2,7 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 1,9 млрд. теңге) болатын барлығы 29 жоба іске асырылды, 2 жоба 2021 жылға өтпелі.

Облыстың 17 елді мекенінде 231 шақырым ауызсу, 8 шақырым кәріз жүйелері, 23 кәріздік-насос станция жаңғыртылып, 6 су өндіру кешені салынды. Осы елді мекендердегі 151 мың тұрғынның сумен жабдықталуы жақсарды.

178 елді мекеннің сумен қамту қызметін субсидиялауға облыстық бюджеттен 3,3 млрд. теңге төленді.

Жыл қорытындысымен облыс халқының 97,5%-і орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтамасыз етілді.

Тарифтер

Басқа өңірлермен салыстырғанда коммуналдық қызметтерге Қызылорда облысы бойынша тарифтер орташа деңгейде сақталуда.

2020 жылдың 5 ақпанынан бастап «Шиелі Жарығы» ЖШС-да электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 4,2%-ке (17,81-ден 18,55 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде тұрғындар үшін өсім 2,5%-ті (17,06-дан 17,49 теңгеге дейін) құрады.

2020 жылғы 5 наурыздан бастап «Дәулетэнерго» ЖШС-нда электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 6,5%-ке (18,21-ден 19,39 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде тұрғындар үшін өсім 3%-ті (17,73-тен 18,26 теңгеге дейін) құрады.

2020 жылғы 5 наурыздан бастап «Энергосервис» ЕЖШС-да электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 5,5%-ке (16,87-ден 17,80 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде тұрғындар үшін өсім 3%-ті (15,44-тен 15,90 теңгеге дейін) құрады.

2020 жылдың 1 наурызынан бастап «Қызылорда су жүйесі» МКК қосылған құнға салықты қоса есептегенде келесі тарифтер бекітті:

сумен жабдықтау қызметтеріне 52,47 теңгеден 70,22 теңгеге дейін (17,75 теңгеге немесе 33,8%-ке өсті), оның ішінде тұрғындар үшін 41,46 теңгеден 45,61 теңгеге дейін (4,15 теңгеге немесе 10%-ке өсті);

су бұру қызметтеріне – 77,03 теңгеден 77,80 теңгеге дейін (0,77 теңгеге немесе 0,1%-ке өсті), оның ішінде тұрғындар үшін 46,42 теңгеден 48,82 теңгеге дейін (2,4 теңгеге немесе 5,2%-ке өсті).

Облыс бойынша төтенше жағдай кезеңінде тұрғындар үшін коммуналдық қызмет тарифтерін төмендету шаралары енгізілді, оның ішінде:

- электрмен жабдықтаудың орташа өткізу тарифтері 9,1%-ке, оның ішінде «Энергосервис» ЕЖШС бойынша 15,9-дан 14,46 теңгеге дейін; «Дәулетэнерго» ЖШС бойынша 18,21 теңгеден 16,60 теңгеге дейін, «Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша 17,49 теңгеден 15,90 теңгеге дейін;
- жылумен жабдықтау 10%-ке: 1 Гкал үшін есепке алу жабдықтарымен қоса 1989,21 теңгеден 1790,29 теңгеге дейін; есепке алу жабдықтарынсыз 96,76 теңгеден 87,07 теңгеге дейін;
- сумен жабдықтау 45,61 теңгеден 40,80 теңгеге дейін немесе 10,6%;
- су бұру 48,82-ден 43 теңгеге дейін немесе 11,9%.

Төтенше жағдай режимінің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты 2020 жылғы 11 мамырдан бастап төтенше жағдай режимі енгізілгенге дейін бекітілген коммуналдық қызметтерге тарифтер қолданылады.

2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қызмет тарифтері төмендетілді:

- сумен жабдықтау 1,5%-ке, оның ішінде тұрғындар үшін қосылған құн салығын қосқанда 1 текше метрге 45,61 теңгеден 44,92 теңгеге дейін;
-су бұру 2,8%-ке өсті, оның ішінде тұрғындар үшін қосылған құн салығын қосқанда 1 текше метрге 48,80 теңгеден 47,48 теңгеге дейін.

2020 жылғы 11 қыркүйектен бастап энергия өндіруші станцияларда тарифтердің өсуіне байланысты (ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 14 маусымдағы №243 «Босатылатын электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығы) электрмен жабдықтау қызметтеріне тарифтер өсті:

- тұрғындар үшін орта есеппен 4%-ке;
-заңды тұлғалар үшін -7,1%-ке, атап айтқанда:

«Дәулетэнерго» ЖШС-де электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 6,8%-ға (19,39-дан 20,72 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде тұрғындар үшін өсім 5%-ды (18,26-дан 19,16 теңгеге дейін) құрады.

«Энергосервис» ЕЖШС-да электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 6%-ке өсті (17,80-ден 18,88 теңгеге дейін), оның ішінде тұрғындар үшін өсім 5%-ды (18,26-дан 19,16 теңгеге дейін) құрады.

«Энергосервис» ЕЖШС-да электр энергиясының 1 кВт/сағ үшін орташа өткізу тарифі 2,6%-ке (18,55-тен 19,04 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде тұрғындар үшін өсім 2,6%-ті(17,49-дан 17,95 теңгеге дейін) құрады.

Коммуналдық қызметтерге тарифтер көтерілген кезде негізгі жүктемені бюджеттік ұйымдар көтереді. Коммуналдық қызметтерге тарифтердің барлық өзгерістері инфляцияның жоспарланған дәлізі шегінде жүзеге асырылады.

Жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау қызметтерінің тарифтері өзгеріссіз қалды.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Өңірді цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының «ақылды» қалаларының эталондық стандарты аясында жүзеге асырылады.

Қызылорда облысы 2020 жылдың I жартыжылдығының қорытындысымен жергілікті атқарушы органдар арасындағы «ақылды» қалалар рейтингінде 5-орынды (61%) иеленді. Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын және ҚР «ақылды» қалаларының эталондық стандартын қайта бекіту процесі жүргізілуде.

2020 жылы 7 бағыт бойынша («Білім беру», «Денсаулық сақтау», «Қауіпсіздік», «Көлік», «Қаланы басқару», «Экология», «Бизнесті дамыту және туризм») 1,9 млрд. теңге қаражатқа (853,9 млн. теңге – жергілікті бюджет; 1,1 млрд. теңге-мемлекеттік-жекешелік әріптестік) 14 жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оның ішінде:

- 2 жоба толығымен аяқталды (DICOM бейнелерін жіберу және мұрағаттау үшін PACS жүйесін енгізу, Медициналық куәландырудың электрондық жүйесін енгізу);
- 2 жоба аяқталу сатысында (Ақпараттық туристік сайт-VisitOrda, «Tazalyk» мобильді қосымшасы»);
- 10 жоба 2021 жылға ауыспалы (Қауіпсіз мектеп, Медициналық анықтамаларды автоматтандыру (35-2/у, 079/у және санаторий-курорттық карта), Жол қозғалысы ережелерін тіркейтін автоматтандырылған құралдар жүйесі (Арқан), Электрондық қылмыстық іс (Е-УД), Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі (ЕРАП), Датчиктер және өрттің алдын алуды басқару жүйесі, Қызылорда қаласының қоғамдық көліктеріне электрондық билеттеу жүйесін орнату, Аялдамалардағы ақпараттық табло, Қоқыс тасымалдаушы көліктерді диспетчерлеу, Өңірлік геоақпараттық жүйе).

Білім беру саласында «Қауіпсіз мектеп» жобасы бойынша облыстық бюджеттен 70 орта білім беру мекемесіне бейнебақылау камераларын орнатуға 250 млн. теңге қаражат бөлінді, оның ішінде Қызылорда қаласының 14 мектебі (қаладағы мектептердің жалпы санының 24,1%-ін құрайды) және аудандардың 56 мектебі (аудандардағы мектептердің жалпы санының 23,8%-ін құрайды). Аудан мектептерінде камераларды орнату және Қызылорда облысы полиция департаментінің жедел басқару орталығы (бұдан әрі-ЖБО) интеграциялау бойынша барлық жұмыстарды аяқтады. Қазіргі таңда қала мектептерінде ЖБО-мен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау саласында Қызылорда облысының 13 медициналық ұйымында «DICOM бейнелерін жіберу және мұрағаттау үшін PACS жүйесін енгізу» жобасы жүзеге асырылды. Барлық қажетті жабдықтар сатып алынып, орнатылды.

PACS жүйесіне жыл басынан бастап сақтауға және мұрағаттауға 35 764 электрондық бейне келіп түсті.

Сонымен қатар, медициналық анықтамаларды автоматтандыру (35-2/у, 079/у және санаторий-курорттық карта) және QR-код беру жобасы медициналық анықтамалар нысандарының өзгеруіне байланысты 2021 жылға ауыспалы жоба болып қалады.

«Электрондық медициналық куәландыру жүйесі» (психобелсенді заттарды тұтыну және мас болу фактісін анықтау үшін медициналық тексеру деректерін жинауды, сақтауды және өңдеуді автоматтандыруға арналған веб-платформа) Қызылорда облысының 9 медициналық ұйымына енгізілді. Жүйе «Даму-Мед» медициналық ақпараттық жүйесімен интеграцияланған, ал сертификаттау нәтижелері пациенттің электрондық денсаулық паспортына автоматты түрде енгізіледі.

Жоба іске асырылғалы бері веб-платформа арқылы психобелсенді заттарды қолдану және мас болу фактісін анықтау үшін өткізілген медициналық тексерулердің саны 7423 құрады.

Қауіпсіздік саласында Қызылорда қаласында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құны 401 млн. теңге болатын жол қозғалысы ережелерін тіркейтін автоматтандырылған құралдар жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде үлкен көлік ағыны бар көшелерге 13 стационарлық «Аркан» жылдамдық өлшегіші орнатылды.

Қазіргі уақытта 272 бейнебақылау камерасы ЖБО бейнебақылау жүйесімен интеграцияланған, қолданыстағы бейнебақылау камераларын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2020 жылы кезең-кезеңімен «Электрондық қылмыстық іс (Е-УД)» жобасы бойынша 50 автоматтандырылған жұмыс орны, «Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі» жобасы бойынша 150 планшет сатып алынды.

Көлік саласында «Қызылорда қаласының қоғамдық көліктеріне электронды билеттеу жүйесін орнату» жобасын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі аясында «AlemPay» ЖШС-ның (Алматы қ.) жеке инвестициялары есебінен жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта «Қызылорда Автобус Паркі» ЖШС-ның 103 автобусына стационарлық валидаторлар мен электрондық билеттеу жүйесінің терминалдары орнатылды. Кондукторлар мен жүргізушілер терминалдарды пайдалану бойынша қысқа мерзімді оқытудан өтті.

Бүгінгі таңда жолаушылар төлемді онлайн түрде жүргізеді, көлік карталарымен - 85 теңге (SMS, QR-код бойынша, «SMSBUS» мобильді қосымшасымен – 80 теңге (кэшбэктер және 10 теңгеге дейін жеңілдіктер қолданылады), ал қолма-қол төлеммен 90 теңге. Сатылымға 70 мың көлік картасы берілді (автобус кондукторларынан, «Қызылорда Автобус Паркі» ЖШС-нан, «Арай Сити» СОО-дан, «Ақпейіл», «Океан Сити», «Қанат» супермаркеттері мен дүкендерінен және т.б. сатып алуға болады).

Жеке тасымалдаушылар үшін қалалық қатынастарда жолаушылар мен жүк тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізілуде. Жаңа шарт бойынша жеке тасымалдаушылардың автобустарында жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі үшін арнайы жабдық орнату міндетті.

Сондай-ақ, таблодағы ақпаратты уақытылы жаңарту үшін 2019 жылы сатып алынған 26 ақпараттық таблоны «Автобус паркінің» орталық серверіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоба «Электрондық билеттеу» жобасы толық іске асырылғаннан кейін жүзеге асырылады. Жоба халықтың хабардарлығын 40%-ке арттыруға мүмкіндік береді және жолаушының күту уақытын үнемдейді.

Сонымен қатар, бүгінде «SMSBUS» мобильді қосымшасы жұмыс жасауда, онда электрондық билеттеу жүйесіне қосылған қаланың қоғамдық көлігінің қозғалысы, аялдамалары мен маршруттары туралы ақпарат алуға болады.

Экология саласында ағымдағы жылы «Қоқыс тасымалдаушы көліктерді диспетчерлеу» жобасы бойынша датчиктер орнату күтілуде. Бүгінгі күні 104 көлік құралына GPS трекерлер орнатылды. Жанар-жағармай деңгейін бақылау датчиктерін 136 бірлік техникаға орнату күтілуде.

Бизнес және туризм саласында Қызылорда қаласының IT-парк бағдарламашылары «VisitOrda – ақпараттық туристік сайтын (http://visitorda.kz)» әзірледі. Бүгінгі таңда сайтты толтыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қызылорда облысының «VisitOrda» туристік ақпараттық сайты үш тілде жүргізілетін болады. Жобаның мақсаты Қызылорда облысы және оның туристік әлеуеті туралы ақпаратты қалыптастыру және тарату, сондай-ақ туристік объектілердің бірыңғай базасын құру болып табылады.

Қалалық басқару саласында «Өңірлік геоақпараттық жүйесі» енгізілуде.

2020 жылы жобаның бірінші кезеңінде аймақтың бірыңғай картографиясы, геопорталдың платформасы енгізілді. Геопортал https://orda.geoportal.kz мекенжайында қол жетімді.

Екінші кезеңде жобаны толық іске асыру үшін 2021 жылы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен, атап айтқанда, жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қоры, заңды тұлғалардың мемлекеттік деректер қоры, азаматтық хал актілерді тіркеу ақпараттық жүйесі, жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесі, бірыңғай мемлекеттік қала құрылысы кадастры, электронды үкімет порталымен интеграциялау жоспарланған.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету үшін инженерлік желілерді толық цифрлау және жер учаскелерінің нақты жай-күйін түгендеу талап етіледі.

«Өңірлік геоақпараттық жүйе» жобасы толық енгізілгеннен кейін осы жүйе арқылы жер қатынастары және сәулет, құрылыс саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жоспарлануда.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

2020 жылы облыс бойынша барлығы 5 162 622 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Оның ішінде:

- 72 404 қызмет (1,6 %) Мемлекеттік корпорация арқылы;
-3 103 366 (67,3%) «Электронды үкімет» веб-порталы және жергілікті қызмет берушілердің ақпараттық жүйелері арқылы;
- 1 436 199 (31,1%) қызмет мемлекеттік органдармен қағаз түрінде көрсетілген.

Тұрғындардың қызметтерді электронды түрде алуына мүмкіндік жасау мақсатында 568 қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы орган мен оларға қарасты мекемелер Мемлекеттік корпорацияның «Connection Point» өзіне-өзі қызмет ету секторының үлгісіндегі «Электрондық үкімет» бұрыштарымен қамтамасыз етілді.

Барлық аудан және қала әкімдіктерінде «Сервистік әкімдіктер» ашылды.

Сонымен қатар, электронды қызметтерді еш кедергісіз алу үшін 2020 жылы Қызылорда қаласында «Электронды қызметтерді өздігінен алу орталығы» ашылып, жұмыс жасауда. Онда Мемлекеттік корпорацияның консультант қызметкерлері қызмет алушыларға қызметті электронды түрде алу дағдыларына үйретіп, кеңестер беруде.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында халықтың цифрлық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін компьютерлік дағдыларын арттыруға бағытталған «Халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі» нысаналы индикаторы қарастырылған.

2020 жылы облыс бойынша халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін 81,5%-ке жеткізу үшін 15 000 адамды оқыту жоспарланған.

Цифрлық сауаттылыққа оқыту 5 бағыт бойынша жүргізіледі: «Базалық цифрлық дағдылар», «Электрондық үкімет және электрондық мемлекеттік қызметтер», «Ашық үкімет», «Электрондық сауда», «Ақпаратты қорғау дағдылары».

Бүгінгі күні халыққа арналған цифрлық сауаттылыққа оқыту курстары тұрақты және ақысыз негізде жүргізіледі.

2020 жылы пандемияға байланысты цифрлық дағдыларды оқыту ҚР ЦДИАӨМ – digitalkz.kz сайтында, телеграм каналдар мен әлеуметтік желілер (Facebook, instagram) арқылы жүргізілді. Жалпы, облыс тұрғындарын цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстарының нәтижесінде 2020 жылы 15 345 адам немесе жоспардың 102,3%-і оқудан өтті.

БЮДЖЕТ

Шоғырландырылған бюджетке (мемлекеттік бюджет және Ұлттық қор) облыстан 222,7 млрд. теңгенің түсімі қамтамасыз етілді (2021 жылдың 1 қаңтарына).

2020 жылы мемлекеттік бюджетке 128,1 млрд. теңге түсім жоспарланып, нақты 135,6 млрд. теңге түсті, бұл есепті жылғы болжамға 105,9%-ті құрады.

Республикалық бюджетке түсім жоспары 100,8%-ке орындалды.

Жергілікті бюджет бойынша болжам 112,9%-ке орындалды. Бұл ретте 2019 жылмен салыстырғанда түсім көлемі 1,0 млрд. теңгеге ұлғайған.

Бюджеттің шығыс бөлігіне келсек, 2020 жылға арналған облыс бюджеті 301,7 млрд. теңге көлемінде бекітіліп, жыл ішінде нақтылау нәтижесімен ол 376,5 млрд. теңгеге жетті. Бұл ретте, облыстың өз кірістері 60,3 млрд. теңгені, республикалық бюджеттен келген трансферттер мен қарыз қаражаттар 313,9 млрд. теңгені құрады.

Бюджет әлеуметтік сипатын сақтап қалды. Шығыстардың жалпы көлемінің 58%-і немесе 218,5 млрд. теңгесі әлеуметтік салаға бағытталды.

2020 жылы облыс бюджетінің шығыстар жоспары 98,1%-ке орындалды (жоспар 376,5 млрд. теңге, орындалғаны 369,5 млрд. теңге). Оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты 97,8%-ке, республикалық бюджет қаражаты 99,0%-ке игерілді.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Ауылдағы әлеуметтік ортаны жақсарту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2019 жылдан бастап «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы іске асырылуда.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру үшін облысқа 4,2 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен 3,8 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 437 млн. теңге.

Аталған жоба аясында Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған, Сырдария аудандарында және Қызылорда қаласының ауылдық елді мекендерінде 60 инвестициялық жоба іске асырылды. Оның ішінде:

Арал ауданының Жақсықылыш кентінде 3 жоба (оқу корпусының жапсаржайын салу, дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы,жалпы ұзындығы 2,3 шақырым кентішілік көшелерді орташа жөндеу);

Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылында 16 жоба (тұрғын үйлерге сумен жабдықтаудың сервистік желілерін жүргізу, орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеу, 8 көшені жарықтандыру, жалпы ұзындығы 13,3 шақырым ауылішілік 6 көшені орташа жөндеу);

Жалағаш ауданының Жалағаш кентінде 1 жоба (200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебінің құрылысы);

Сырдария ауданының Ақжарма ауылында 4 жоба (көшелерді жарықтандыру, көшелерге темір-бетонды лотоктар орнату, жалпы ұзындығы 23,2 шақырым 2 ауылішілік көшені орташа жөндеу);

Шиелі ауданының Ақмая ауылында 3 жоба (орта мектепті күрделі жөндеу, көшені жарықтандыру, 3 шақырым ауылішілік көшені орташа жөндеу);

Жаңақорған ауданының Жаңақорған және Шалқия кенттерінде 13 жоба (тұрғын үйлерге сумен жабдықтаудың сервистік желілерін жүргізу, 150 орындық ауылдық клубтың құрылысы, орта мектепті күрделі жөндеу, ұзындығы 11,9 шақырым кентішілік 10 көшені орташа жөндеу);

Қызылорда қаласының Ақсуат ауылында 20 жоба (орта мектепті күрделі жөндеу, жалпы ұзындығы 14,9 шақырым ауылішілік 19 көшені орташа жөндеу).

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2020 жылы 3278 тұрғын үйге сервистік су құбыры жүргізілді, 23,2 шақырым көше жарықтандырылды, 68,6 шақырым көше жөнделді. Барлығы 298 жұмыс орны құрылды, оның ішінде 109 тұрақты.

«ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Ауылдық жерлерге кадрлар ағынын ынталандыру және тұрақты тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету мақсатында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, сондай-ақ ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарын мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылуда.

Мәселен, 2020 жылы аудандық және қалалық бюджеттерден 652 маманға көтерме жәрдемақы ұсыну үшін 162,5 млн. теңге қаражат бөлініп толығымен игерілді. Нәтижесінде, 349 білім беру, 219 денсаулық сақтау, 22 мәдениет, 8 әлеуметтік қамсыздандыру, 25 спорт, 29 агроөнеркәсіптік кешен маманы көтерме жәрдемақы алды.

544 маманға тұрғын үй сатып алуға жеңілдетілген несие беру үшін республикалық бюджеттен бөлінген 2,1 млрд. теңге де толығымен игерілді. Осылайша, 286 білім беру, 167 денсаулық сақтау, 22 мәдениет, 2 әлеуметтік қамсыздандыру, 30 спорт, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешеннің 19 маманы жеңілдетілген несие алды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Пандемия және карантиннің салдарынан өндірістің төмендеуі өңірдің экономикалық жағдайына кері әсер етті.

38 мың шағын және орта бизнес субъектісі қызметін тоқтатқан (74%), онда 47 467 адам жұмыс жасаған.

Осы жағымсыз факторлар табыс көзінің төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуіне әсер етті.

Бұл жағдайлардың салдарына қарсы тұру үшін тиісті шаралар қабылданды.

Халықтың қажеттілігін қамтамасыз ететін шаруашылық субъектілеріне талдау жүргізілді. Өңірде 71 азық-түлік және 35 азық-түлік емес тауар сырттан әкелінеді, 16 ауыл шаруашылығы және басқа да өнім, 5 азық-түлік емес өнім өңделмейді, 28 азық-түлік және 7 азық-түлік емес тауар жеткіліксіз өндірілетіндігі анықталды.

Осыған орай, Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары әзірленіп, онда экономиканың түрлі салаларында жалпы құны 271 млрд теңгені құрайтын 265 жоба қарастырылды.

Жоспардың басты мақсаты – кәсіпкерлікті және экономиканың нақты секторын дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, азық-түлік және азық түлік емес тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз ету.

Аталған жұмыстар аясында «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның қызметі қайта бағдарланып, бұл жұмыстарға, сонымен қатар, барлық қаржы институттары жұмылдырылды.

2020 жылы облыстық бюджеттен «Байқоңыр (Байконур) ӘКК» АҚ-ға аймақтың ауыл шаруашылығының, кәсіпкерліктің және өнеркәсіптің дамуына бағытталған 7 біріккен жобаны іске асыруға құны 1,5 млрд. теңге қаржы бөлінді. Жобалардың жалпы құны 3,5 млрд. теңге құрайды. Оның 2 жобасы экспортқа бағытталған болып табылады, олар – ет өнімдері және кварц топырағын байыту жобалары.

2020 жылы жалпы сомасы 7,1 млрд. теңгеге 89 жоба іске асырылды, 1047 жұмыс орны құрылды. Бұл – азық-түлік өндірісі, құрылыс материалдары өндірісі, мал шаруашылығын дамыту және басқалары.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ 2019-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №375 қаулысымен бекітілген Кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыруға 2020 жылы 30,4 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен – 17,5 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен – 12,7 млрд. теңге, басқа да көздерден 0,2 млрд. теңге.

2020 жылы Кешенді жоспардың 80 іс-шарасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілді, оның ішінде 25-і толығымен орындалды, қалған 55-і орындалуда.

Атап айтқанда:

- Тереңөзек, Жақсықылыш кенттеріне орамішілік желілер тартылды, 154,4 шақырым газ құбыры салынды;
- Қызылорда қаласындағы ЖТ-15А-дан бастап ЖТ-17А-ға дейін, ЖК-17А-дан бастап ЖК-19-ға дейін, ЖК-22-ден бастап Әйтеке би №5, Қазыбек би №20, Тоқмағанбетов №18-ге дейін, ЖТ-16-дан бастап «Шұғыла» шағын ауданындағы №49, 50, 51, 52 тұрғын үйлерге дейін магистральдық жылу желілері қайта жаңартылды (3,9 шақырым жылу желілері қайта жаңартылды);
- Арал ауданы Шөміш станциясының сумен жабдықтау желілері қайта жаңартылды және кеңейтілді, Қазалы ауданы Бекарыстан би елді мекенінде тұрғын үйлерге су құбыры сервистік желілерінің, Қызылорда қаласы Қызылөзек ауылдық округінің Қараөзек станциясының су құбыры желілерінің құрылысы аяқталды (47,8 шақырым су құбыры желілері салынды, 1699 тұрғын ауызсуға қол жеткізді);
- Арал қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға арналған полигонның құрылысы, Қызылорда қаласында байдарка және каноэ базасының құрылысы аяқталды;
- Қызылорда қаласында көгалдағы хоккей алаңын, Ақай ауылдық округінде, Жосалы, Жалағаш, Шиелі, Тасбөгет кенттерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленді;
- инженерлік инфрақұрылымның 7 жобасының құрылысы аяқталды (Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігінде 710 пәтерлі 16 көпқабатты тұрғын үй газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау желілерімен қамтамасыз етілді, Сырдария ауданының Тереңөзек кентіндегі жаңа шағын ауданға 33,4 шақырым су құбыры желісі салынды);
- 187 шақырым автомобиль жолы салынды.

Келесі іс-шаралар бойынша жұмыстар жалғасуда:

- Шу-Сарысу шөгінді бассейніндегі геологиялық зерттеуге 2020 жылы республикалық бюджеттен 700,0 млн. теңге бөлінді. «Азимут Геология» ЖШС-мен шарт жасалды, сейсмикалық барлау жұмыстары, сондай-ақ далалық жұмыстар кезеңінде алынған электрбарлау деректерін камералдық өңдеу жүргізілуде;
- кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға, кредиттер бойынша ішінара кепілдік беруге, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін қайтарымсыз гранттар беруге және жас кәсіпкерлерге гранттар беруге «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 466,3 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 1680,9 млн. теңге бөлінді, шарттарға 507 жоба бойынша қол қойылды;
- Жосалы және Жалағаш кенттерінде газ жеткізу құбырының және орамішілік желілерінің құрылысы жүргізілуде, сондай-ақ Төретам және Ақай елді мекендеріне газ құбырының құрылысына ЖСҚ әзірленуде;
- ЖТ-7-ден бастап ЖТ-13-ке дейін, Оңтүстік қазандықтан бастап ЖТ-7-ге дейін, ЖТ-13-тен бастап ЖТ-15А-ға дейін, Оңтүстік қазандықтан бастап ЖО - 1-ге (Автобус паркі) дейін магистральды жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде, жобаларды аяқтау 2021 жылға жоспарланып отыр;
- Қызылорда су торабын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде, республикалық бюджеттен 2020 жылға 500 млн. теңге, 2021 жылға 1121 млн. теңге бөлінді;
- Сырдария өзенінің Күміскеткен учаскесінде және Қараөзек ағысында су қоймаларын салуға, сондай-ақ Жалағаш, Шиелі және Жаңақорған аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде;
- Әйтеке би кентінде аудандық емхананың құрылысы жүргізілуде,пайдалануға беру 2021 жылға жоспарланған.

СҰХБАТ

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ҰСТАНЫМДАРЫНА ШЫНАЙЫ БОЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ»

Жыл басында сайлау науқаны өтіп, елдің саяси өмірінде елеулі өзгерістер болды. Мәжілістен бастап барлық деңгейдегі мәслихаттардың жаңа құрамы бекіді. Бұрынғыдай емес, сол құрамның ішінде әйелдердің, жастардың үлесі бар.

Сонымен, жетінші шақырылым ел мүддесіне қалай қызмет етпек? Өзгешелік неде? Алдағы міндет, әрі атқарылатын істің сапасы мен сұранымы ендігі жерде қалай болмақ?

Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамовпен сұхбатымыз осы және өзге де маңызды мәселелерді сарапқа салуға арналды.

– Наурызбай Сейітқалиұлы, алдымен өзіңізді жаңадан жасақталған мәслихатқа хатшы болып сайлануыңызбен құттықтаймын! Депутаттар корпусына кураторлық етуде тәжірибеңіз бар. Бұл лауазымды міндеттің салмағы қаншалықты ауыр?

– Құттықтауыңызға рахмет! Барлығыңызды осы Қазақстанның дамуындағы ерекше орны бар сайлау науқаны процесінің сәтті өтуімен құттықтай отырып, өзінің азаматтық позицияларын белсенді түрде танытқан тұрғындарға, сайлаушыларға үлкен ризашылық білдіреміз.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы атап өтілетін жылдың басы осы үлкен саяси науқанмен басталды. Бұл ел дамуының жаңа белесін білдіреді. Мемлекет басшысы қаңтар айының басындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында 30 жылға жақсы сараптама жасады. Еліміздің осы уақыт аралығында, ел басқарудағы демократиялық қағидалары өзінің кезең-кезеңдерімен даму үстінде. Соның ішінде, осы егемен еліміздің тарихында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі өкілді органның да жұмысының маңызы, жауапкершілігі артып келеді. Яғни, осы уақытта барлық деңгейдегі мәслихаттар азаматтық қоғам институттарының бірі болып табылатын құрылым ретінде өзінің белгілі тағылымдық соқпағынан өтті. Мәслихаттардың жұмыс маңызы артып, осыған сәйкес елімізде қабылданып жатқан құқықтық нормалар да жетілдірілуде. Сонымен бірге барлық қоғам мүшелерінің ел басқаруға араласуы уақыт өткен сайын күшейіп келеді. Қолға алынған «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының бір бағыты осы жергілікті өкілді биліктің органдарына тікелей қатысты деп айтуымыз керек.

Шын мәнінде, мәслихаттарға жергілікті өзін-өзі басқару органдарының барлық белгілері тән: олардың халықтың дауыс беруі арқылы сайланатындығы және жергілікті сипаттағы сұрақтарға тікелей араласатындығын айтуға болады. Сондай-ақ, мәслихатты өзіндік бюджеті бар және өзіне берілген құзыретке ие орган болып қалыптасты деп айта аламыз. Жалпы мәслихат өзінің жергілікті жердегі халықтың әл-ауқатының дамуын, тұрмыс-тіршілігінің жетілдірілуін, әлеуметтік-экономикалық дамуын жергілікті атқарушы билікпен бірге іске асыратын деңгейге келді.

Бірінші сессияда депутаттар мәслихаттың хатшысы ретінде ашық дауыс беру арқылы мені сайлады, ал хатшы – тұрақты негізде жұмыс істейтін және мәслихатқа есеп беретін лауазымды адам. Мәслихат хатшысы өзінің өкілеттіктерін Заңға және регламентке сәйкес жүзеге асырады. Хатшы ретінде мәслихат аппаратының жұмысына жетекшілік жасайды. Аппаратпен бірге депутаттардың өз мәртебесі аясында жұмыстарын атқаруын ұйлестіреміз.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалға жауапты мәслихат және әкімдік жүргізеді. Тұрғындар билікке тікелей әсер ете алғанда саясат адам үшін және адам арқылы жасалады. Әлеуметтік топтар, қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар қаншалықты маңызды орын алғанымен солардың бәрі адамдардан, олардың іс-әрекетінен тұрады. Адамдарды қобалжуға итермелейтін негізгі себеп – мұқтаждық пен мүдде. Облыстық мәслихат жұмысы осы өңірдегі тұрғындардың мұқтажы мен мүддесіне бағытталған. Сондықтан да жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдары халыққа барынша жақын, олар елдің уайымы мен үмітін ішінде жүріп біледі, жақсы түсінеді.

Бүгінгі сайланған 7-ші шақырылымның мәслихат депутаттары осыған дейінгі депутаттардың, өкілді биліктің өзіне жинаған тәжірибесін, дәстүрін әрі қарай жалғастырып жұмыс істейді деп сенім білдіре аламыз.

– Биылғы сайлау алдыңғы саяси науқандардан өзгеше өтті. Депутаттыққа кандидаттар бұрынғысынша өзін-өзі ұсынған жоқ, партиялық тізіммен ұсынылды. Сіздің ойыңызша, бұл сайлаудың, яғни жаңа форматтың елдің саяси ахуалына ықпалы қаншалықты болмақ?

– Қайсы сайлаудың болсын өзіндік ерекшелігі бар. Кей кезде біз соны жауыр болған сөз сияқты қабылдаймыз. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуында әр уақыттағы сайлау процесінің өзіндік рөл атқарғандығын мойындауымыз керек. Сонымен қатар, бізде мынадай мәселелер бар. Әрбір сайлаудан кейін сан түрлі пікір болады. Бірі сайлауды барынша қолдап жатса, екінші жағынан сайлаудың қорытындысы шыққан соң өздерінің наразылығын білдіріп жатады. Бұл – табиғи нәрсе. Себебі әрбір доданың, жарыстың соңында қызу пікірталастың болатындығы анық. Қалай болғанда да, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында өтіп келе жатқан әрбір сайлау өзінің тиісті міндетін атқарып келе жатыр. Ал бұл сайлаудың, шынында да, үлкен ерекшелігі бар. Оның бірнеше ерекшелігін атап өтейін. Бұл сайлаудың әлемдегі пандемия кезінде өтуі біздің жұмыс стандарттарымызға көптеген өзгерістер әкелді. Мысалы, пандемия кезінде біз тікелей хабарласа алғанымызбен, тікелей қатыса алмайтын жағдайда өмір сүруге үйреніп келе жатқанымыздың өзі бір ерекшелік. Сондықтан қатысқан барлық партиялар, жаңа форматта жұмыс істеуге талабы бар екенін көрсетуде.

Екінші үлкен ерекшелік, бұл 2007 жылдан бастап біздің жоғары Заң шығарушы органымыз Парламент, оның ішінде Мәжілістің партиялық тізімімен сайланып келсе, осы кейінгі сайлау барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының да партиялық тізіммен сайлау жүйесін енгізді. Сайлау туралы Конституциялық Заңға да өзгеріс енгізілді және жүзеге асты. Өздеріңіз білесіздер, бес саяси партия осы сайлауға тікелей қатысты және өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Партиялық тізім не үшін керек деген мәселе бар. Бұл біріншіден, біздің демократиялық принциптеріміздің артуына, оның ішінде саяси партиялардың рөлінің күшеюіне ықпал жасайды. Өйткені, саяси билік жүйесінде саяси партияның орны ерекше. Сондықтан партиялар өздерінің бет-бейнесі, беделі үшін жаңа тұрғыда жұмыс істеуге мәжбүр болады. Әр партия өзінің тізімдерін жасақтады. Оның ішінде «Nur Otan» партиясы сайлауалды праймериз өткізді. Яғни, партия ішіндегі жаңа тұлғаларды шығару, белсенді азаматтарды анықтау мақсатында өтті. Оның қандай деңгейде өткендігі, өзінің мақсатына қаншалықты жеткенін уақыт көрсетеді. Десе де, дұрыс қадам деп есептейміз. Бұл – бір жағынан біз айтып жүрген Парламентаризмді дамытудағы көппартиялық жүйені жетілдіруде жақсы бастама. Өздеріңіз білесіздер, Парламент Мәжілісіне үш партия өтті. Депутаттар өзінің партиясының беделі үшін таласты деуге болады. Олар елдің, сайлаушылардың алдында партияның өкілі болып саналады. Депутаттардың халықпен тығыз байланыста болып, жергілікті жердегі өкілді биліктің жұмысына белсенді қатысуын, партия өзінің жауапкершілігіне алады. Бұрын жекелеген депутаттар өзінің округі бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, кейін сайлаушылар тарапынан сынға ұшырап жататын. Ал қазір, бар жауапкершілік партияларға артылған. Яғни, партия келесі сайлауға дайындық жұмысын бүгіннен бастап жүргізуі керек.

– Енді мәслихат құрамына келсек. Депутаттар корпусы қанша процентке жаңарды?

– Сайлау қорытындысы бойынша Қызылорда облысында 73,9 процент сайлаушылар өздерінің көзқарастарын білдірді. Барлық деңгейдегі аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттарда біздегі сайлауға түскен 5 партияның да өкілі бар.

Жалпы, сайлау қорытындылары бойынша, біздің облыста барлық партия өкілдері мәслихаттарда мандат иеленді. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарына 152 мандат берілді. «Қазақстан Халық партиясы» – 4, «Nur Otan» партиясына – 126, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясына – 5, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясына – 15, «ADAL» саяси партиясына – 2 мандат берілді. Енді облыстық мәслихатқа келетін болсақ, депутаттық корпустың үштен екісі жаңарды. Бұл бір жағынан жаңа леп әкеледі. Сайлаудағы тағы бір ерекшелік, әйелдер қауымы мен жастар құрамының артуы. Облыстық мәслихаттың 6-шы шақырылымында 2 ғана әйел кісі болған. Бұл 6,8 процентін құрады. Ал бүгінгі жетінші шақырылымда әйелдер саны 24 процентке жетті. Сонымен бірге жастардың үлесі артты. Бұрын облыстық мәслихатта жастар болмады десек те болады. Қазір 33 депутаттың 12 проценті жастар. Сондай-ақ 29 депутат болса, қазіргі таңда 33-ке көбейді. Облыстық мәслихатқа 25 депутат «Nur Otan» партиясынан, үш депутат «Ауыл» партиясынан, үш депутат «Ақ жол» партиясынан сайланып отыр.

– Алғашқы сессияда төрт тұрақты комиссия құрылып, оның төрағалары сайланды. Тұрақты комиссияның міндеті, мәслихат шешімдерін жүзеге асырудағы маңызы жайлы айтып берсеңіз...

– Мәслихат өз өкілеттігінің мерзіміне бірінші сессияда депутаттар қатарынан мәслихаттың қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарау және дайындау, оның шешімдерін жүзеге асыруға ықпал ету, өз құзыреті шегінде бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін тұрақты комиссиялар құрады. Тұрақты комиссиялардың тізбесі, саны және құрамы жеке-жеке дауысқа салынады. Олардың сандық және дербес құрамы сессия төрағасының, мәслихат хатшысының ұсынысы бойынша айқындалады.

Жалпы, облыстық мәслихаттың алтыншы шақырылымында 4 тұрақты комиссия болған. Депутаттардың қолдауымен қазіргі таңда 4 тұрақты комиссия саны өзгерген жоқ. Құрамында 8 депутаттан бар. Бірінші, экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі комиссия. Бұл негізінен облыстың қаржысына тікелей араласа алатын бірден-бір комиссия болып табылады. Бұл комиссияның төрағасы болып, «Ақ жол» партиясының өкілі, белгілі қаржыгер Талғат Өмірзақұлы Жақыпбаев сайланды. Одан кейін әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия бар. Оның төрағасы болып, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы Гүлнар Бабабекқызы Есқалиева бекітілді. Өндіріс және шаруашылық салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі комиссия төрағалығына Бақдаулет Еркінбекұлы Махашов, кәсіпкерлікті дамыту, жастар ісі және құқықтық мәселелер жөніндегі комиссия төрағасы болып білікті маман Мақсұт Ыбрайханұлы Нәлібаев сайланды. Жалпы айтсақ, билік саласында комиссия көп. Ал бұл тек депутаттардан құралған комиссия, дербес, ешкімге тәуелді емес. Тұрақты комиссиялар, әркез өзінің бағытындағы жұмыстарды қарап отыруға, қандай да бір мәселелерді сессияға шығару керек екендігі, осы саладағы сыртта жүрген басқа мамандар, ардагерлер, т.б басын біріктіріп, сол сұрақтың қаншалықты өзекті екендігін анықтап отырады. Олардың жұмысы ашық. Барлық сессия, мәслихаттың ішкі аппаратының жұмыстарына сәйкес кері байланысты барынша дамытып, халықтың алдында жұмысымызды көрсетіп отыруға күш салатын боламыз. Тұрақты комиссиялардың ерекшелігі осында. Олар өкілді биліктің негізгі органдары ретінде үлкен жұмыс атқарады. Одан кейінгі ортақ шешімдер сессияда қабылданады.

– Бірінші сессияда 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысын дамыту бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама жайлы тарқатып айтсаңыз...

– Бірінші сессияда белгіленген 2020-2025 жылдарға арналған облыстың даму бағдарламасы – біздің бірден-бір үлкен стратегиялық құжатымыз. Бұл бірнеше рет сараптаудан өтті. Қазіргі өзгешелік партиялық тізіммен болғаннан кейін, сайлау қорытындысы бойынша көп дауысқа ие болған партиялар, халық алдында өздерінің сайлауалды бағдарламаларының нақты орындалуына тікелей жауап беретіндей жүйеге еніп келеміз. Демек, сайлауалды бағдарламасы біздің облыстың дамуымен түп-тамырлас құжат болуы керек. Олай болмаған жағдайда, әр депутат өзінің сайлауалды бағдарламасын жасайды. Ал оның кейбір жағдайлары облыстың ортақ даму мүдделерімен сәйкес келмейді. Осыдан кейін сайлаушылардың арасында реніш пайда болады. Сол үшін депутат өзінің айтқан мүдделеріне сәйкес, халық алдында толық жауап бере алатындай болуы керек. Сайлауалды бағдарламаларының ішінде, сайлаудың үгіт-насихат кезінде жинақталған материалдары қосымша қосылып отырды. Соның нәтижесінде, ортақ бағыттағы құжат дайындалды. Дегенмен, бұл әлі толығымен пісіп-жетілген құжат деп айтуға болмайды. Өйткені, бұл уақыттың ағымына байланысты тағы сол сияқты қосымша жағдайларға сәйкес дамып отырады. Қазіргі кезде партиялар тарапынан осыған қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды қабылдап жатырмыз. Оны кезең-кезеңімен сессияда қараймыз. Жалпы айтқанда, осы даму бағдарламасына қарай біздің бюджетіміз жұмыс істейтін болады. Депутаттар бекіткен бағдарламасының қаржылық негізін осы депутаттар корпусы бақылауға алады. Мысалы, «Nur Otan» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасын 5 жылға бөлді. Ол республикалық деңгейдегі бағдарламасы болса, облыстық, аудандық, қалалық сайлауалды бағдарламасы жасалды. Атап айтқанда, 9 сайлауалды бағдарламасы бар. Мысалы, Арал ауданы мәслихаты өзінің ауданындағы сайлауалды бағдарламаның орындалуын тікелей қадағалап отырады. Себебі, көп дауысты «Nur Otan» партиясы алып отыр. Ол жерде 2021 жылы қай ауылда, қандай көше жарықтандырылады, қандай ғимарат жөнделеді соның барлығы көрсетілген. Осыларды орындамаған жағдайда, кез келген сайлаушы сайлауалды бағдарламадағы орындалатын жұмыстардың жауапкершілігін сұрауға мүмкіндігі бар. Сондықтан бұл өңірдің даму бағдарламасы көбіне прагматикалық негізде жасалды.

Даму бағдарламасын шартты түрде үлкен бірнеше бағыттарға топтауға болады. Біріншіден, аймақ экономикасы және азаматтардың әл-ауқатының өсуі. Әрбір азаматтың үшін қолайлы аймақ, жаңа өмір сапасын қамтамасыз ету мәселесі және қауіпсіз аймақ. Бұл алдағы 5 жылда атқарылатын негізгі бағыттарды айқындап берді. Өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын әртараптандырудың нақты шаралары енгізілді. Екінші – жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесін арттыру. Атап айтқанда, 579 шақырым жергілікті жерді жолдарға күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп отырмыз. Сонымен бірге осы 5 жылдың ішінде 12 көпір жөндеуге енгізіліп отыр. Биылғы жылдың өзінде облыстық маңызы бар 59 шақырым, аудандық маңызы бар 52 шақырым жол жөнделеді деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, биыл облыс көлемінде 3 көпірге күрделі және орташа жөндеу жасалады. Үшіншіден, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі. Қазіргі таңда ауылдан қалаға көшу үдерісі күшейіп келе жатыр. Алдағы 5 жылға 3 млн 782 мың шаршы метр тұрғын үй салынады деп жоспарлануда. Биыл 644 мың шаршы метрді құрайтын 5607 пәтерді салу жөнінде жұмысты бастап отыр. Оған жергілікті атқарушы билік органдары жұмыс жасауда. Төртіншіден, тұрғындарды газбен қамтамасыз ету мәселесі. Көптеген елді мекендердің сұранысы «көгілдір отынның» игілігін көру. Оның ішінде үш аудан орталығын газдандыру жақын арада іске қосылады деп ойлаймын. Облыстағы 17 елді мекенге газ жеткізу межеленуде. Бұл мәселелер көбіне республикалық деңгейде шешіледі. Олар қазіргі таңда облыстың даму бағдарламасында көрініс тауып, орталықтағы мемлекеттік билік органдарымен өзара келісім негізінде жасалды. Сонымен қатар, өңіріміз үшін маңызды агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында 87 инвестициялық жоба дайындалған. Мемлекеттің қолдауымен жоғарыдағы жобаларды іске асыру бізге сын. Қабылданған жоспарлар облыс әкімінің басты назарында. Кез келген жобаны қаржыландыра берудің қаншалықты тиімділігі бар екенін де байқауымыз керек. Мәслихаттың бірден-бір жұмысы – қабылданған шешімдердің тиімді болуын зерделеп, қадағалау.

– Енді жаңадан шақырылған мәслихаттың алдында қандай меже тұр? Алдағы жоспармен бөліссеңіз...

– Әрине, алдағы атқарылатын жұмыстарымыз өңірдің экономикалық-әлеуметтік дамуы және қоғамдық-саяси тұрақтылығын күшейту бағытында болады. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға байланысты жергілікті жердегі халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігіне өкілді және атқарушы билік бірдей жауапты. Мәслихат депутаттары Парламенттегі әріптестерімен қарым-қатынас жасау арқылы республикалық бюджет, заңнамалық жұмыстарға атсалысуда біршама мүмкіндіктерге ие. Сондықтан да республикалық деңгейде өңірге қатысты шешім қабылданарда, жергілікті депутаттардың ұстанымдары мен пікірлері көбірек ескерілуіне көңіл бөлеміз. Аумақтардың үні естілуі тиіс.

Біз халықаралық деңгейде шекарамызды бекіттік. Әлемдік деңгейде өзімізді таныттық. Қауіпсіздігіміздің барлық шараларын қамтыдық. Енді біз ішкі тұрақтылығымызды, адами тұрғыдағы көзқарастарымызды, ұлттық құндылықтарымызды жандандыруымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің өткен жылғы қыркүйектегі Жолдауында «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру», – деп нақты тапсырма берді. Осы бағыттағы жұмыстарға өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Ұлтымыздың жаңа сапаға көшуі үшін, әрқайсымыз ұлт дегендегі ұстанымдарымызға шынайы болуымыз қажет.

Тұрғындар және мекемелермен тығыз кері байланыс орнатуға күш саламыз. Өйткені, әрбір ақпараттың артында «сигнал» тұр. Сол дабылдың белгісін сараптап, мәслихаттың жұмысын да болжап отыруымыз қажет. Әрбір азамат заң шеңберінде өз көзқарасын білдіруге құқылы. Ал заң аясынан шығудың барлығы қоғам мүддесіне кереғар әсер етуі ықтимал. Кейде, бізде пікірін білдіруде мәліметтің шынайылығына көз жеткізбей, сараптамай, жұрт айтып жатыр ғой деп ақпаратты жариялай салады. Ешкімге де өзінің амбициясы үшін, басқаның құқығына қол сұғуға рұқсат етілмейді. Бұл да елдігімізге сына қағып, ағайынның арасын суытуға ықпал етуі мүмкін. Әрбір ақпаратты сараптап, заң аясында іс-қимыл жасаймыз. Өйткені, мемлекеттік қызметкерлерге қарағанда, өкілді органдағы депутаттар дербес болғандықтан, ұсынымдарды жасауға мүмкіндігі мол. Қазіргі таңда біздің ең басты міндетіміз – бүгінгі шешімнің ғана құтылу емес, сол шешімнің алдағы уақытта қандай нәтиже беретіндігіне аса назар аударып, сол тұрғысында үйлесімді жұмыс жасау.

Қажетсіз ақпараттар ағыны талайды шатастырған қазіргі әлемде нақтылық – ең ықпалды күш. Нақтылықсыз нарықтың да дамуының мүмкіндігі шектеулі. Алдымызда талай сынақтар тұр. Осы талаптарға сай барлығымыз бірлесіп жұмыс жасауға тиіспіз. Көне заманның бір данышпаны: «Қанағаты бар адам қашан да бай. Қанағатсыз адам – алтын тонға оранып отырса да кедей», – депті ғой. Бүгінгі жеткенімізді қадірін түсініп, ынтымақтың арқасында жаңа белестерді еңсеруге күш салғанымыз жөн.

Наурызбай Сейітқалиұлы, ойпікір бөліскеніңізге рахмет. Халық қалаулылары сол халқының мүддесі үшін адал еңбек етеді деп сенеміз.

Сұхбаттасқан
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»

Қоғамдық қорға ықылас танытайық

Сыр елінің экономикасы мен халқының әлеуметтік ахуалын жақсарту жолында жан-тәнімен адал қызмет етіп, облыстың ардақты басшысы атанған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 2020 жылы 22 маусымда 90 жасқа толды.

Е.Әуелбеков Мәскеудегі К.Тимирязев атындағы академияны бітірген соң алғашқы еңбек қадамын Солтүстік Қазақстан облысында агроном болудан бастап, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Социалистік Еңбек Ері атанды. 1965-1967 жылдары Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, Астық өнімдері және құрама-жем өнеркәсібі министрі болған Еркін Әуелбеков 1968-1989 жылдары Көкшетау, Торғай және Қызылорда облыстарын басқарды. Жиырма жылдан аса атқарған қызметінде ол басқарған өңірлерде ғасыр жүгін арқалайтындай стратегиялық маңызы зор өміршең бағдарламалар жүзеге асырылды.

Е.Әуелбековтің басқа өңірлердегі еңбегін айтпағанда, оның Қызылорда облысын III категориядан II категорияға көтеруі, шөл және шөлейт аймақтағыларға тиісті 15 проценттік коэффициентке қол жеткізуі, Арал теңізінің тартылуынан біздің және бізбен шектес облыстардың экологиялық апат аймағына айналғанына Одақ басшыларының көзін жеткізіп, сол өңірлер халқына көптеген жеңілдіктер алып беруі, Жезқазған облысындағы «Құмкөл» мұнай кенішін жалға алып беріп, облыс экономикасын арттыруы облыс халқының есінде. Оның кезінде облыста өнеркәсіп пен құрылыс бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды. Бас шаһарымызда жаңа аэропорт пен Драма театрының құрылыстары жедел аяқталып, «Рисмаш», «Шалқия» және басқа өнеркәсіп ошақтарының қуаты артып, жаңа тұрғын аудандар пайда болды. Айта берсе Ерекеңнің ұлағатты істері – ұшан-теңіз.

Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің 90 жылдығына орай Қызылордада республикалық ғылыми-практикалық конференция, басқа да мәдени-көпшілік шаралар өткізу жоспарланғанымен, коронавирустық пандемия бұл жобаға елеулі өзгерістер енгізді. Облыстың қалааудандарында әртүрлі шаралар өткізумен шектелдік.

Ақмолалық зиялы қауым мен әріптестерінің, шәкірттерінің өтініші бойынша республика Үкіметі ұлы тұлғаға Көкшетау қаласындағы Е.Әуелбеков пен С.Сәдуақасов көшелерінің қиылысына тұтас денесін сомдайтын ескерткіш орнату жөнінде шешім шығарды. Осыған орай, ескерткіштің үздік жобасына конкурс өткізілді. Жақын арада жеңімпазды Мәдениет және спорт министрлігі анықтайды.

Ескерткіш жеке азаматтардың, дееушілердің қаражатына салынатын болғандықтан, көптен армандаған ізгілікті істің сәтті шешім табуы өзіміздің жоғары саналық танытып, дер кезінде қолдау жасауымызға байланысты. Сол себепті меншіктің қай түріне қарамастан еңбек ұжымдары, кәсіпкерлер мен қарапайым тұрғындардың «Еркін Әуелбеков қоры» қоғамдық қорына атсалысу арқылы өңір халқының ықыласын танытар ұлағатты іс болар еді деп ойлаймыз.

Сәдуақас АҢСАТ,
«Еркін Әуелбеков қоры» ҚҚ облыстық филиал төрағасы

ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-05). «Қызылқия кенішінде су айдау жүйесі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-10-03). «Қарабұлақ кенішіндегі №40 ұңғымаға кірме автожол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-11-02). «Бұхарсай кенішіндегі №24 ұңғымаға кірме автожол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-11-03). «Бұхарсай кенішіндегі №24 ұңғымаға кірме автожол» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Шәкірттері шыңға шыққан ұстаз

Мыңдаған мұғалім бар, бірақ оның ішінде шәкіртке білімімен ғана емес, бар болмысымен үлгі болатын ұстаздар санаулы десек, ешкімнің таласы жоқ шығар? Сондай санаулы ұстаздың бірі Жалағаш ауданының тумасы, бүкіл саналы ғұмырын білім саласына арнаған Жақсылық Жылқышиев еді. Жалпы Жақсылық ағайдың түр-тұлғасы, табиғи болмысы есіміне сай болатын. Дәлірек айтсақ, ол кісінің қоғамдағы орны, елге еткен қызметі, білім дәрежесі мен қайраткерлігі қанша биік болса да, қарапайымдылық қасиеті содан жоғары тұратын.

Биыл ұлағатты ұстаздың туғанына 90 жыл толады. Өзі өмірден өткенімен ол кісінің еткен еңбегі елінің есінде сақталып қалды.

Sb **Ғазиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы»

Жақсылық ағай үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын. Кездесе қалсаң, берген сәлеміңді бар ықыласымен қабыл алып, уақыт бөліп, амандық-саулығыңды сұрайтын. Ал егер жұмыс барысында көмегіне жүгінсеңіз, ақылкеңесін аямайтын. Әрдайым әділдік жағында болатын. Көңілінен шықпаса, кез келген адамның қателігін бүкпесіз бетіне айтатын, лауазымына, дәрежесіне қарамайтын. Осындай жоғары адамгершілігімен ұстаздардың арасында беделі биік болды. Зейнетке шықса да бала тәрбиелеу ісіне араласып, аудан оқушыларын математикаға баулып, олимпиадаға дайындау ісіне көп еңбегін сіңірді. Бұл күнде аудан орталығындағы З.Жарқынбаев атындағы №202 мектеп-лицейде Жақсылық Жылқышиев атындағы математика кабинеті бар. Заманауи көрнекі құралдармен жабдықталған кабинетте бүгінгі жас өрендер білім алуда.

Иә, мамандығы жағынан ол кісі математика пәнінің оқытушысы, жәй оқытушы емес, ең мықты мұғалім болатын. Өз мамандығына барынша берілген адам еді. Сондықтан болар, біз білетін Жақсылық ағай көп жылғы еңбек жолында басшылық қызметке немесе атақ-мансапқа қызыққан емес. Есесіне осындай ұстаздан білім алған шәкірттерінің басым көпшілігі жоғары лауазымдарды иеленіп, беделді, абыройлы қызметтерімен көпке танылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, облыстық және аудандық мәслихат депутаттары қатарында, мемлекеттік органдарда халыққа қызмет етті. Олардың бірі Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев ұстазы туралы былайша толғанады:

– Жақсылық ағамыз Жалағаш ауданының орталығындағы орта мектепке математика пәнінен мұғалім болып келген оқу жылында біз 9-сыныптың оқушысы болатынбыз. Ағайымыздың сабақ бере бастаған алғашқы күнінен бастап, оның оқушыларға сабақ беруінде өзге мұғалімдерге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі барын байқадық. Біріншіден, сабағында ешкім жалықпайды, керісінше, жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылардың белсенділігі өте жоғары болатын. Өйткені, әрбір сабақ барысында математикалық теңдеулер мен формулаларды нақты өмірдегі мысалдармен байланыстыра отырып түсіндіретін. Сондықтан ол кісінің сабағында бұрынғыдан шығарылмай қалатын есептер, дәлелденбей қалатын теоремалар, қорытындыланбайтын теңдеулер, формулалар болмайтын. Аптаның бірнеше күні бойы жаңа сабақты түсіндіріп, тек соңғы күндері балалардың алған білімін тексеретін. Кейде сыныптағы оқушылардың жалыға бастағанын байқаса, сабақты қоя салып, еміне-ркін сөйлесіп, күлдіре отырып, сергітіп алатын, – дейді.

Бүгінде мемлекет және қоғам қайраткері Қожахмет Баймаханов ұлағатты ұстаз туралы естелігінде былай деп жазған екен: «... Жәкең – өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, білім саласын дамытуға, мектеп қабырғасында мықты шәкірттер тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз, абыз азамат. Осы тұста сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің жаны таза, жақсы адамдар жөнінде айтқан мына бір сөзі еріксіз ойға оралады. «Тұла бойы тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас, бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралғандай жан еді» деген тұжырымы тұп-тура Жәкеңе арнап айтылғандай.

Алланың нұрындай, көктемнің ақ жауынындай елге, жұртқа пайдасы көп тиген аға еді. Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білді. Өзіме ұстаз бола білген Жәкең жарық дүниеден кеткенше, басынан бағы таймаған адам деп білемін».

Жақсылық ағаның тағы бір қасиеті – хоббиі десек те болады, өмірлік тәжірибесінен ойына түйген афоризмдері бар болатын. Оның ішінде қазақтың нақыл сөздері, мақал-мәтелдері, сондай-ақ, орыс мақалдарынан аударған дәйексөздер көп кездесетін. Одан бөлек, өзінің де әртүрлі жайттарға қатысты ой-пайымын екі ауыз сөзге сыйғызып, мейлінше астарлап, тұспалдап, мақал-мәтелмен жеткізетін. Сондай-ақ, өмірге қажет болар деген көне сөздер мен көркем естеліктерді ыждағаттап жинап жүретін. Осындай ойлы дүниелерін ара-тұра аудандық газетке де жариялап тұрушы еді. Айталық, білікті де тәжірибелі ұстаздың бала тәрбиесіне, жалпы оқыту методикасына арналған бірнеше мақалалары республикалық, облыстық, аудандық газеттерде жарық көрді.

Жылқышиев Жақсылық Ишанбекұлы 1931 жылы Жалағаш ауданы «Иіркөл» ауылында туған. Ел тарихындағы естен кетпес ауыр кезең – екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда ол он жастағы бала болатын. Елді мекендегі «Иіркөл» мектебінде оқи жүріп, сабақтан бос уақытында өзі құралпы жасөспірімдермен бірге колхоз жұмыстарына қолғабыс ететін. Осылайша бейнетпен белдері қатайып, ат арқасына мінер азамат жасына жеткенде соғыс бітіп, ел іргесіне тыныштық орнады. Жастайынан білімге құштар Жақсылық Жылқышиев 1949 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетіне 1949 жылы оқуға түсіп, оны 1954 жылы бітіреді.

Еңбек жолын Алматы облысындағы Сакко Вансетти атындағы мектепте ұзтаздық етуден бастаған ол кісі туған жерге келіп, өз мамандығы бойынша Мақпалкөл, М.Шәменов ауылындағы орта мектептерде, кент орталығында №31 орта мектепте ұстаздық қызмет етті. Сонымен қатар, №201 орта мектеп директорының орынбасары, қазіргі Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектептің директоры, аудандық білім бөлімінің әдістеме кабинетінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған.

Ғылымдардың «атасы» саналатын математика пәні бойынша ұстаздың атқарған еңбегі ұшан-теңіз! Ол еңбегі үшін лайықты бағасын да алды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», Қазақстан Коммунистік партиясы Қызылорда облыстық комитетінің, Қызылорда облысы Халық ағарту ісі бөлімінің Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Жалағаш аудандық мәслихатының шешімімен «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Жақсылық Ишанбекұлының жұбайы Керимова Халипа – апайымыз да 40 жыл өмірін ұстаздыққа арнаған жан. Жалағаш ауданындағы №123 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болды. Жылы шырайлы, жан дүниесі тап-таза, ізеті мен инабаты бөлек Халипа апайдың түр-тұлғасы адами асыл қасиеттің, ақыл-парасат пен ұстамдылықтың үлгісіндей көрінеді. Өмір жолында, еңбек жолында қатар жүрген қос ұстаз 8 бала өсіріп, тәрбиелеп, немере-шөберенің қызығын көрді. Қазіргі таңда балалары әр салада абыройлы қызмет атқарып жүр.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген керемет сөз бар. Осы сөздің мән-мағынасы да Жақсылық ағай сынды жайсаң жандардың өмірлік өнегесін, бітім-болмысы мен ақыл-парасатын айқындай түседі.

Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 117 бұйрығы

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңы 6-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауарлық газды тұрмыстық тұтынушыларға бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 12 қарашадағы
№ 117 бұйрығына 1-қосымша

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің үлгі шарты

_____ 20___ жылғы _____ __
(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі беруші деп аталатын,
_____
_____
(бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектінің атауы, құрылтайшы құжаттар (жарғы және құрылтай шарты), мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлігі немесе анықтамасы, берілген күні мен берген орган)*

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

оның атынан _____
_____
(құжаттың атауы)
негізінде әрекет ететін _____
_____
(лауазымы, аты, әкесінің аты, тегі, оны алу кезінде)
бір тараптан және бұдан әрі тұрмыстық тұтынушы деп аталатын _____
_____
_____
_____
(тұтынушының атауы)
оның атынан _____
_____негізінде
әрекет ететін _____
_____
(аты, әкесінің аты, тегі, оны алу кезінде)

екінші тараптан, бұдан әрі тараптар деп аталатындар осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегі туралы жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газ - тауарлық газ;

2) беруші - «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;

3) беру – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;

4) есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін беруші мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;

5) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;

6) тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтынған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама;

7) газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ оларды отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;

8) есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;

9) смарт-картамен қоса алғанда есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған жағдайда газ беруді жабатын салынған бекітпе клапанмен жарақталған смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесімен қоса газды есепке алу аспаптары;

2. Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағыЗаңына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың нысанасы

3. Беруші тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы өзінің тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың жағдайларына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

4. Газ беруге арналған шартты жасасу жағдайлары газды дұрыс жеткізу үшін құқықтық және техникалық (технологиялық) жағдайларының болуы, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан - газ тұтыну жүйелерін пайдалану жөніндегі рұқсат етуге құжаттарының (техникалық шарт, газбен жабдықтау жобасы, газ тұтыну жабдығының паспорты), газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналып жасалған шарттың болуы тиіс.

5. Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі.

6. Газды қабылдау-тапсыру пункті есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған жағдайда бекітпе қондырғы (іске қосу краны) болып табылады.

7. Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс.

8. Қолданыстағы «Магистралдық газ құбыры бойынша жеткізілетін және тасымалданатын табиғи жанғыш» ҚР СТ 1666-2007 сәйкес газ көлемінің бірлігі үшін Цельсий бойынша 20 градус температура және сынапты бағанадағы 760 мм қысым кезінде бір текше метр газ алынады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Беруші:

1) алынған газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;

2) газ тұтынуға және газ үшін тұрмыстық тұтынушының ақы төлегеніне бақылау жасауға, есепке алуға;

3) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңымен белгіленген мерзімдерде газ тұтыну схемасын өзгерту, жаңа және қосымша газ жабдығын орнату бойынша рұқсат алуға тұрмыстық тұтынушының жазбаша өтінімін нақты қарауға;

4) қауіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұтынушының назарына жеткізуге;

6) өз қызметкерлерін тұтынушыға бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде көрсетілетін қызметтік куәліктермен қамтамасыз етуге;

7) тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге міндетті.

10. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуге;

2) газ тұтыну жүйелерін, түтіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің учаскелерін қауіпсіз пайдалануды, түтіндік және желдеткіш каналдарын уақытылы тексеру және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;

3) берушінің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрып жатқан тұрғындардың саны жөніндегі деректердің дұрыстығы мен мемлекеттік тексеру туралы қолданыстағы куәліктің бар-жоғын тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) беруші жүзеге асыратын газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және тексерілуіне, сондай-ақ оның салынған пломбасының тұтастығына жауапты болуға;

5) берушінің жазбаша рұқсатын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, жаңа және қосымша газ жабдығын орнатуды және іске қосуды жүргізуге;

6) тұрмыстық тұтынушы жазбаша түрде берушіні жай-күйі және газ тұтыну көлемінен және оған ақы төлеуден (тұратын тұрғындардың санының өзгеруі, төленетін аумақтың мөлшері, газ жабдығының қуаттылығы) көрінетін деректердің өзгергендігі туралы хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның істен шыққаны не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі берушіде бар деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте газ үшін қайта есептеулер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады;

7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;

8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен, газ жабдығын ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға;

9) есепке алу аспабы істен шыққан және ол тоқтаған жағдайда Берушіге жедел түрде хабардар етуге міндетті.

11. Жеткізуші:

1) уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;

2) газды тұтынуға және оған уақытылы ақы төлеуге бақылауды жүзеге асыруға;

3) газ беруді тоқтатуға негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді кранды қосатын жерден жауып, одан әрі пломба салып немесе дәнекерлеуге қатысты ажыратып барып тоқтатуға тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабарламай-ақ мынадай жағдайларда:

газ жабдығын қауіпсіз пайдалану және азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын есепке алу аспаптарын пайдалану жөніндегі талаптар бұзылғанда;

газды заңсыз пайдалануға әкеп соқтыратын газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылғанда;

тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып, мынадай жағдайларда:

тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзғанда;

берушімен келісімсіз газ желілерін қайта жабдықтауға;

берушінің өкілдерін екі есеп айырысу кезеңі бойы қатарынан газ жабдықтарын, газ құбырлары мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеуге құқылы.

Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық төлемін және газбен жабдықтаудан айыру және қосу жөніндегі қызметтер толық төлегеннен кейін жүргізіледі;

4) газ құбырларындағы жөндеу-алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;

5) газ жабдығы, есепке алу аспабы, төленетін алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы деректер, сондай-ақ есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін өзге де деректер алуға құқылы.

12. Тұрмыстық тұтынушы:

1) осы Шартта ескерілген сапалы газ алуға және пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақпарат алуға;

3) есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;

4) көп қабатты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен беруші арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға құқылы.

4. Ақы төлеу тәртібі

13. Тұрмыстық тұтынушы газды есепке алу аспабы болмаған кезде-ай сайын тұтыну нормалары бойынша, есепке алу аспаптары болған кезде-ай сайын есепке алу көрсеткіштері бойынша есеп айырысатын айдан кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде ақы төлеуді жүргізеді.

Смарт-картамен газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу берушінің есебіне қажетті газ көлемінің құнын аудару жолымен жүргізіледі.

14. Есепке алу аспабының көрсеткіштері берушінің өкілдерімен Тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп, ағымдағы айдың жиырмасынан кейінгі мерзімде алынады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кінәсінен екі есеп айырысу кезеңінде есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, беруші тұтыну нормасы бойынша көрсетілген кезеңге газ тұтыну есебін жүргізуге құқылы.

15. Есепке алу аспабының жарамсыз екені белгілі болғанда тұтынылған газдың есебі тұрмыстық тұтынушымен жүргізілген төлем ескеріліп, соңғы алты ай үшін қолданыстағы газды тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі.

16. Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күннен бастап тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есеп айырысу тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда, бірақ бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған Тұрмыстық тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1.5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық төлемін төлейді.

18. Тұрмыстық тұтынушының газбен жабдықтауды өз бетімен қосып алуы, есепке алу аспабын қарамастан орнатылған газ жабдығының, газ тұтыну қуатын арттырғаны, бұзғаны, пломбасын жұлып алуы белгілі болған кезде, көрсетуді бұрмалау және есепке алу аспабына берушінің өкіліне бұрын барғанда көру мүмкін болмағанда тұрмыстық тұтынушы газды рұқсатсыз қосып алу мүмкіндігін жіберген өзге де іс-әрекеттер мақсатында есепке алу аспабына қандай да бір әсер етілгенде беруші есепке алу аспаптарын және (немесе) схеманы соңғы тексерген күннен бастап, көрсетілген күн бойынша олардың 24 сағат бойы жұмыс істеу есебінен газ тұтыну жабдығының қуаты бойынша есептелген мөлшерде есептеуді жүргізуге құқылы.

19. Осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар беруші мен тұрмыстық тұтынушы өкілдерінің бұзу туралы актісімен екі данада ресімделеді, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Акті тұрмыстық тұтынушы қол қоюдан бас тартқан кезде ол туралы жазба жазылады, бірақ ол берушінің комиссиясымен немесе құрамында кемінде үш адам бар кондоминиум объектісінің басқару органымен ресімделген жағдайда, дұрыс болып саналады.

20. Тараптар газ беруді тоқтатуға әкеп соқтырған тежеусіз күш (дүлей зілзалалар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, халықаралық шарттың іс-әрекетін үзу/тоқтата тұру, газ тасымалдау жүйесіндегі авария, т.б.) іс-әрекетінен туындаған жағдайлардың себебінен осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

6. Қорытынды ережелер

21. Осы Шарт Тұрмыстық тұтынушымен осы Шарттың негізінде газ үшін берушімен берілген шоттарды бірінші рет төлеген сәтінен бастап, ал жаңадан қосылған тұрмыстық тұтынушылар үшін қосылған желіге тұрмыстық тұтынушы бірінші рет нақты қосылған сәтінен бастап күшіне енеді.

22. Тұрмыстық тұтынушы біржақты тәртіппен берушіні кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар еткен және олар төлем құжаттарында көрсетілген жағдайда пайдаланылған газға ақы, өсімақы, араласқаны, өз бетімен қосқаны үшін есептеулер және т.б. толық төленген жағдайда осы Шартты бұзуға құқылы.

23. Осы Шарттың тармақтарымен көзделген мерзімдерде даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, осы Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары

Беруші: Тұрмыстық тұтынушы:

Қимас жан едің біз үшін

Әулетіміздің тірегі, қара шаңырақтың иесі, туған-туыстың жанашыры, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білген бауырымыз Асқарбай Якияұлы Сахиев 2020 жылдың 22 шілдесі күні келместің кемесіне мініп, мәңгіге арамыздан алыстап кете барған еді. Жазмыштан кім озған дейсіз?!

Тәңір тіршілікке жібергенде осы жылдың 3 ақпанында 59 жасқа толар еді-ау. Қимас жанымыз 1980-1983 жылдар аралығында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң Қызылорда қаласында ВОХР-да қызмет істеді, еңбек ете жүріп, лауазымды қызметке дейін көтерілді. Кейінгі жылдарда өз несібесін өзі тауып жүрген көп жандардың бірі еді. Алланың ісіне пенденің шарасы бар ма?!

Алты ай болды-ау өзіңді көрмегелі,
Жүректі уайым-қайғы тербегелі.
Жанар жасым таусылмас төге берсем,
Жан жарасы қалайша емделеді?!
Тым биік еді тұғырың,
Тым қысқа болды ғұмырың.
Жанымды қайғы жаншиды,
Бөлек жан едің орының.

Қабіріңді Алла құран нұрымен нұрландырып, мәңгілік мекенін жұмақтан еткей. Топырағың торқа, иманың жолдасың болғай!

Еске алушылар **апасы, қарындасы және жиендері**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Жалғасбаев Ертілеу Шынтасұлы	Департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі	11:00-13:00 16:00-18:00
2	Боранбаева Лиман Отарбайқызы	Департамент басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10:00-12:00 15:00-17:00
3	НұрбекЖанар Жексенбайқызы	Департамент басшысының медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері жөніндегі орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10:00-12:00 15:00-17:00

Сенім телефоны

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметшілері тарапынан ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларының бұзылу фактілері туралы, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары бұзылғандығы жөнінде, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мекемелерде «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңдары талаптарының бұзылу фактілері туралы 8(7242) 27-01-26 нөмірлі «сенім телефонына» хабарлауға болады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Арал қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілбай Садықбаевқа ұлы Арал ауданы Аралқұм ауылдық округінің әкімі
Сәкен Садықбаевтың
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Арал ауданының әкімдігі, Арал аудандық мәслихаты, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, Арал аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі Аралқұм ауылдық округінің әкімі
Садықбаев Сәкен Әбілбайұлының
дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Көп бейінді облыстық ауруханасының ұжымы аурухананың бас есепшісі Ниязбаева Альмираға әкесі
Өмірбек Ниязбаевтың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«Көлдей дүниені көп адам оқи бермейді»

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты қалалық жастар театры жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлының «Отырардың жасыны» тарихи драмасын сахналады. Премьераға автордың қатысқанын пайдаланып, өзімен уақыт тауып әңгімелестік.

– Премьера қалай болды, аға?

– Жалпы, қойылым жаман шықпаған деп ойлаймын. Әрине, «әттеген-айы» болады ғой. Бірақ бірінші рет сахналануына байланысты премьераға қатты сын айтыла бермеуі керек. Актерлардың образға толық енуі үшін аз-кем уақыт өтуі керек. Сосын бұл тақырып өте күрделі әрі қиын. Әбу Насыр әл Фарабидің өмір жолынан пьеса жазуға ат басындай жүрек керек болса, оны сахналауға да сондай ер мінезділік қажет. Бұл ретте Қызылорда қалалық жастар театрының ұжымы, оның көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов батыл шаруаға қадам жасап отыр.

– Пьесаның өзегі не?

– «Отырардың жасыны» – әл Фарабидің балалық, жастық шағы туралы қазақ әдебиетіндегі алғашқы пьеса. Әбу Насырдың әкесі, бір жерде Мұхаммед, бір жерде Махмуд делініп жүр, қолбасшы болған. Ұлының өзі сияқты сарбаз болуын қалаған. Ат үстінде тәрбиелеген. Бірақ баласының білімге құштарлығы басым түсіп, әке арманы орындалмаған. Кейбір деректе Әбу Насырдың жасы 20-дан асқанда Жібек жолы көшімен Бағдатқа барғаны айтылады. Енді бір жерде «25-30 аралығы» деп көрсетіледі. Бағдаттағы білімпаздар орталығында араб тілін насихаттауға, ғылымын көтеруге үлес қосқан. 70 тіл білген, 200-ге тарта трактат жазған. Трактаттарының төрттен бірі ғана табылған. Көрнекті ойшылды тірілткен, қазақ елімен қауыштырған – Ақжан Машани. Одан бөлек, Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын, Дүкенбай Досжанның «Фараби» повесін, Жүсіп Қыдырдың «Фараби тригонометриясы» поэмасын айтамыз.

– Тарихи тұлғалар туралы көркем дүние жазуда тарихи шындыққа қаншалықты сүйенесіз?

– Тарихи кезеңнен, оқиғадан ауытқымауы керек десек те, тарихи туындының өз критерийі бар. Мысалы, «Отырардың жасынында» әл Фарабидің достары ретінде Тайманәлі, Қаптағайларды ойдан қостым. Бұлар – жиынтық образ. Өйткені кім-кімнің де сенімді серігі болатыны анық. Басты кейіпкердің шешесі туралы дерек еш жерде кездеспейді. Бірақ мен оны шартты түрде Мейірбан деп алдым. Тарихи шындық ғылыми жазба, еңбек, зерттеулерге тән. Ал көркем шығармада жазушының, драматургтің қиялына мейлінше еркіндік беріледі.

– Тарихи тақырыпта қалам тербеу екінің бірінің қолынан келмейді. Оған қызығушылық неден басталды?

– Әуелі балалар жазушысы болдым. Тарихқа қызығушылығым Қызылордада жүргенде басталды. Облыстық комсомолдың идеология бөліміне жетекшілік жасадым. Архивті ақтару кезінде Сұлтанбек Қожановтың бірбеткей, турасын айтатын адам болғаны туралы мәлімет еріксіз назарымды аударды. Сталиннің «Сен – Орта Азияның Шыңғыс ханысын» деген сөзіне ол: «Жоқ, Шыңғыс хан – сіз, Кеңес одағын билеп-төстеп отырсыз» деген екен. Бұл Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабында келтірілген. Содан Сталинге сөз қайтаруға дәті жеткен қазақтың кім екенін білгім келді. Өзі қазіргі Түркістан облысындағы Созақ ауданының Ақсүмбе ауылында дүниеге келіпті. Алып-ұшып Ақсүмбеге бардым. Көзін көргендер болмаса да, сөзін естігендермен әңгімелестім. Зерттеп-зерделей келе тарихи-өмірбаяндық кітап жаздым. Жазушы Мұхтар Мағауиннің алғысөзімен бір үзігі «Жұлдыз» журналында жарық көрді.

1923 жылы Ташкентте шыққан Мағжан Жұмабаевтың біртомдық өлеңдер жинағында Сұлтанбек Қожановтың алғысөзі беріліпті. Араб тілінде. «Абайдан кейінгі екінші ақын» деп бағалаған. 1924 жылы Мәскеуде Нәзір Төреқұлов бастаған қазақ зиялылары керісінше, оны сынаған. Мені қарама-қайшы пікір қызықтырды. Төреқұловтың Мағжанды сынайтын жөні бар екен. 1922-1928 жылдар аралығында Мәскеуде КСРО орталық атқару комитеті жанындағы орталық баспа басқармасын басқарыпты. Орталық баспа басқармасының төрағасы ретінде қазақ тілінде «Темірқазық» журналын шығаруды ұйымдастырып, оған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтарды тартқан. Нәзір Төреқұлов – Жаңақорған ауданындағы Қандөз ауылының тумасы. Тұңғыш қазақ дипломаты. Тарихи-ғұмырнамалық повесімнің тағы бірі осы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткеріне арналды. Ал «Абақты-ғұмыр» Мағжан өмірінің елеулі белестері, еліне жасаған ерен еңбегі, шығармашылық жетістігі бейнеленген алғашқы пьеса болды. Одан бөлек, «Сана дерті», «Сталинмен бетпе-бет», «Сәкеннің соңғы сапары» сияқты драмалық туындылар өмірге келді.

– Пьесаларыңыздың театрдағы көрінісін қалай бағалайсыз?

– Пьесаларым көптеген облыста сахналанды, бәріне қатыстым. Әрбір режиссердің өзіндік қолтаңбасы бар. Актерлар ойыны да солай. Анау мықты, мынау әлсіздеу деп баға беруге болмайды. Әбу Насыр өмірінің соңғы сәті бейнеленген «Ғұлама-ғұмыр» атты пьесам бойынша Бикен Римова атындағы Талдықорған, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды драма театрлары спектакль қойды. Бірінің режиссері – Сабыралы Кемелбайтегі, екіншісінікі – Қуандық Қасымов. Екеуінің де ізденісі ұнады. Тырнақ астынан кір іздесек, кемшілік табылады. Кей тұстарында көңіліме кіді болған көріністер байқалды. Оңашада режиссер мырзаларға айттым, олар қабыл алды. Біз бұл спектакльдермен жұмыс істеуді жалғастырамыз. Өйткені, театр қойылымдары бір жерде тоқтап қалмай, үнемі жетілдіруді қажет етеді.

– Сұхбаттарыңыздың бірінде: «Кейіпкерлердің аузына драматург айтпаған сөзді салуға болмайды», – депсіз. Демек, кейде бұрмалаушылық болғаны ғой...

– Ұзын саны оннан астам пьесам сахнаға жол тартыпты. Солардың арасында кейде айтпаған-жазбаған сөздерім жүреді. Жәй сөз болса ештеңе емес, астарында талқыға түсер таласты ой болса – авторға қиянат. Автор ел алдында, журналистер алдында осындай тартысты сөзге жауап бермей ме?

Сонда не демек? Мұны мен жазбаған едім дей ме? Ендеше, неге сахнаға шығаруға келісім берген? Келісім берді екен, ендеше жауабын беруге де әзір болғаны мақұл. Міне, сол үшін де айтқан болармын.

– Қаламақы мәселесін көтерсек, қаламгерлердің жанды жеріне тиетінін білеміз. Әлі де солай ма?

– Кеңес одағы тұсында жарық көрген екі кітабым үшін әжептәуір қаламақы алдым. Біріншісіне – 175 сом. Осы күнгі құны – 3 миллион теңгеге жуық. Екінші еңбегімнің бағасы қазіргімен 5 миллион теңгеге жетеғабыл. Кейін қаламақының құты қашты, білесіз. Соңғы жылдары ғана сең қозғалғандай. Мысалы, бір баспа табақ үшін – 150 мың теңге. Бұл ақын-жазушының еңбегіне татымайды. Әуелгі екеуін қоспағанда өз басым жарытып қаламақы алған емеспін.

– Аға, қазір кеңсе жұмысында көрінесіз. Бұл шығармашылыққа қолбайлау емес пе?

– Былай алып қарасаңыз, екеуі бір-біріне қабыса бермейді. Кеңсе қызметі, өзім жақсы білетіндей, барынша тәртіптілікті, жинақылықты, салмақтылықты талап етеді. Оған көнбесең, есік ашық. Шығармашылық еркін ойлауға, ой айтуға құрылған. Белгілі бір қалыптан шыға алмасаң, онда сен талантты, қабілетті суреткер емессің. Жазғаныңның бәрі суып қалған көжедей ел мейірімін қандыра алмайды. Бастапқыда қатты қиналдым. Марқұм Оралхан Бөкей ағам жазғандарымды жақсы көрді. Сол кісінің «осы аппарат жұмысына неге байланып қалдың, тастасаңшы» деп қатты айтқаны бар. Ал Әбіш Кекілбаев: «Сенде қабілет бар, енді мемқызмет пен шығармашылықты қалай үйлестіресің, ол өзіңе байланысты деп, батасын берді. 30 жылдық мемқызметте жазушы әрі драматург болып қалыптасу, әрине, оңай тиген жоқ. Қай қиындығын айтайын?

– Қаламгер үшін уақыт пен оқырман сұранысын барлап отыру өте маңызды. Бұл екеуіне қазақ жазушылары қаншалықты ілесіп жүр?

– Он шақты жылдың жүзі болды, қысқа романдар жазып жүрмін. «Олигарх және Олимп», «Бумеранг», «Интер-адам», «Жатпланеталық жігіт», «Бақидан келген келіншек» атты романдарым бар. Олар «Современные короткие романы» сериясымен Мәскеуде «Жизнь горькая и сладкая» жинағы ретінде жарық көрді. Қазақшасы – «Ащы да тәтті өмір». Бұрынғы романдардың көлемі 200-300 беттей болса, бұл – 100 беттің айналасы. Қысқалық осы күнгі оқырман үшін ауадай қажет. Қанша жерден шедевр болса да көлдей дүниені көп адам оқи бермейді.

Қайсыбір қаламгер болмасын, шамасы жеткенше уақытқа ілесіп, алдияр оқырман іздеген тақырыпты қозғап отырғаны, әрине, маңызды. Өйткені не жазсаң да, нені айтпақ болсаң да оның оқырманы, баға берушісі бар. Ол – жалпы жұртшылық. Алайда, бұл айтуға оңай болғанымен істе өте қиын.

– Әдебиетке саясаттың ықпалын сезінген жағдайлар болды ма?

– Саясат пен әдебиет – екі түрлі нәрсе. Саясат – белгілі бір жүйеге түскен, қалыпқа салынған, оңға да, солға да бұрылмайтын өзінше өмір. Кезең мен уақытқа қарай былқылдап, бұраңдап кетері тағы бар. Саясатты тіршіліктен мүлде сызып тастауға тағы болмайды, ол қоғам үшін керек. Қоғам температурасын реттеп отыру үшін керек. Әдебиет оның ықпалына түсіп кетсе, өміршеңдігін жоғалтады.

Елімізде көркем әдебиетке қысым жоқ деп есептеймін. «Олигарх және Олимпте» Америкаға кеткен қазақ жігітінің аузына «Қазақстанда бизнесті өркендетуде қиыншылық көп» деген сөзді салып бердім. «Интер-адамда» бай мен кедейдің бір-біріне қиянаты, бір-бірінің жолын кесуі сияқты біраз жайттың басын шалдым. Ешкім «неге жазасың?» деген жоқ. Мәселе – біз жаза алмай жүрміз. Тағы бір ескеретін нәрсе, жазушының міндеті – билікті сынау емес, адамның жан-дүниесіне үңілу арқылы адамзатқа ой салу. Әдеби шығарма жеке адамдардың жан әлеміндегі арпалыс пен тайталасты айшықтап, соның құпия-қатпарын ашуға негізделген.

– Өзіңіз кімдерді оқып жүрсіз?

– Ақындардан Бауыржан Қарағызұлын, Ақберен Елгезекті, Ерлан Жүністі, Маралтай Райымбекұлын, прозаиктерден Аягүл Мантайды, Лира Қонысты, Манарбек Қыдырбайұлын, Есболат Айбадосынды, Тоқтарәлі Таңжарықты жоғары бағалаймын. Қызылордада Дүйсенбек Аяшұлы мен Елубай Әуезовті айтар едім.

– Еліміздегі қандай мәселе сізді қатты алаңдатады?

– Мен үшін ең үлкен мәселе –тіл. Өз тілі жоқ елдің өзі де жоқ. Тілсіз қалған халықтың маңдайының соры бес елі. Құдайға шүкір, біздің ана тіліміз әлі де өз биігінде, оны аяқ асты етіп жүргендер – шала қазақтар мен намысы жоқ қандастар. Менің ойымша, енді 10-15 жылда бүкіл қазақ тек өз тілінде таза сөйлейтін жағдайға жетеді. Өйткені бұл – енді намыстың әңгімесі. Сосынғы шетін шаруа – жер мәселесі. Жер – ол халықтың байлығы. Оған ешкім де емес, тек сол елдің халқы ғана иелік еткені мақұл. Демек, ат төбеліндей билік емес, барша қазақ халқы қалай шешсе, соны қолдау керек. Айта берсек, ұлт үшін аса қажет күрделі мәселелер баршылық...

– Кез келген адам ел жаққа елеңдеп тұрады. Аға, сағынышыңыздың емін неден іздейсіз?

– Кім болсаң да өзің туған топырақ үшін жұдырықтай ғана баласың. Туған жерін сағынбайтын жан бар дегенге өз басым сене алмаймын. Егер ондайлар кездесіп жатса, онда оларда жүрек жоқ. Сағынамыз. Еленделп отырамыз. Мен туған ауыл –Қыраш деген кішкентай елді мекен! Жаңақорған ауданының аумағында орналасқан. Сол жерге ат басын тіресем болды, бала бейнеге ауысам. Ал сағынышы... Ол қай кезде басылар екен?!

– Бойыңызға қаламгерлік дарынын дарытқан қарашаңырағыңыз – Қаратау шығар, бәлкім... Жазушы болмағанда кім болар едіңіз?

– Жас кезімізде әр нәрсені армандадық. Қырашта бірге оқыған сыныптас досым Өтеп екеуміз техникаға әуестеніп, өзімізше жаңалық ашуды да ойлаппыз. Мәскеуде шығатын «Жас техник» журналын пошта арқылы алдырып оқитынбыз. Одан Алматыға барып, жоғары оқу орнына түскенде журналист досым Оразбек, курстасым Кеңесбек үшеуміз музыкаға әуестендік. «Дос-Мұқасан» секілді өзімізше ансамбль құрсақ деген күндер де болды. «ЖОК» деп атын да қойғанбыз. Айтпақшы, біршама уақыт Алматы орталық стадионындағы бокс секциясына да барып жүрдік. Тренеріміз атақты боксшы Әбдірашид Әбдірахманов еді. Қысқасы, жазушы болмасам, жерде қалмас едім деп ойлаймын.

– Уақыт бөлгеніңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» –

ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-RU.АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты – женьшеннің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы азқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонент «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Биологиялық әсіретті қосалқы дәрілік зат болып табылмайды.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Байтөре Имашев, Қордай ауданы, 67 жаста
Мен жастайымнан ауырып, ауруханаға жатып, дәрі ішпеген жанмын. Бірақ, соңғы 5 жылда бауырым ауырып, 7-8 ай бұрын тыныс алу жолдары мазалап, біраз қиналып жатып қалдым. Газеттен «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамы туралы оқып, қызығып, 1-курсын алып, 40 күн іштім. Бальзам маған жақсы көмектесті. Бауырымның ауырғаны басылып, тыныс алу жолдарым жақсарып, аяқ-қолдарымның қақсағаны кетті. Енді 2-курсын бастағалы отырмын.

Кенжебеков Жапар, Алматы обл., Ескелді ауд., Алдабергенов ауылы, 85 жаста
«Женьшень» бальзамын ішіп жүргеніме 3 жылдай уақыт болды. Асқазаным ауырып, тамақ іше алмай қалғанмын. Бальзамды үзбей уақытылы ішіп жүрмін. Қазір жақсымын! Асқазанымның ауырғанын ұмытып қалдым. Өзімнің жүрегім ауыратын, жиі система алатынмын. «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамын ішкелі система қабылдамайтын болдым. Керемет бальзам. 12 мүшенің бәріне ем десе де болады.

Кенжебекова Ұлтай, Алматы обл., Ескелді ауд., Алдабергенов ауылы, 80 жаста
«Женьшень» бальзамын 1 жылдан аса ішіп жүрмін. Бұрын ішкен тамағымды құсып, әлсіреп құлап қалған кездерім де болды. Қазір бальзам ішкелі, жақсы болдым. Қан қысымым көтеріліп кететін. Қазір анда-санда ғана көтеріледі. Түнде ұйықтай алмайтынмын, ал қазір ұйқым тыныштанды. Демалып күшуатым да пайда болды. Бір сөзбен, өте жақсы бальзам деп айтуға болады!

Мырзағалиев Сәлімжан, Ақтөбе қаласы, 86 жаста
2014 жылдан бастап мен сіздердің өнімдеріңізбен таныспын. Осы жылы қуығыма ота жасалды. Нәтижесі онша дұрыс болмады. Содан соң әртүрлі өнімдерді, дәрі-дәрмектерді іше бастадым. Денсаулығымды қалпына келтірудің жолын іздедім. Таныстарымның айтуымен, алдымен «Сагандали» өнімін іштім. Қазіргі уақытта «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамын ішіп жатырмын. Қазір жағдайым жақсы. Простатит жеңілдеді. Жүрегімнің жұмысы жақсарды, көзім жақсы көретін болды, тәбетім ойдағыдай, ұйқым тыныш!

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде.

38 бірегей компонеттер

(Сәйкестік декларациясы ЕАЭС N RU D-RU. AE64. B.05819/20 19.06.2020 жылдан 18.06.2023 жылға дейін жарамды)

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ»

АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Бір курсқа «Эликсир Жизни», «Женьшень – өмір қуаты» – бальзамдарының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.

Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Эликсир жизни», «Женьшень – өмір қуаты» бальзамдарының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 ақпан күні сағат 10.00-11.00 аралығында *А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).*

БРИФИНГ

Қылмыс 36 процентке кеміді

Өткен жылы Қызылорда қаласында 13 «Аркан» құрылғысы орнатылды. Оның көбі – орталық көшелерде. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыс прокурорының бірінші орынбасары Талғат Әлібаев «ақылды» қондырғы қара жолдағы қайғылы жағдайды 13 процентке азайтуға көмектескенін айтты.

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Профилактикалық шаралар нәтиже берген сыңайлы. Соның арқасында қылмыс саны 36 процентке төмендеді. Мысалы, ұрлық – 57, алаяқтық – 11, тонау – 37, қарақшылық – 38, бұзақылық 44 процентке кеміді.

– Бұрын сотталғандар қайтадан шалыс қадамға бармас үшін жұмыс тобы құрылды. Топ 10 мыңға жуық адамды тәуекел тобына қосты. Олар қауіптілігі бойынша 3 санатқа бөлінді. Полиция және пробация қызметкерлері қылмысқа бейім адамдармен кездесіп, әңгімелесті, – деді Т.Әлібаев.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау бағытында да жұмыс атқарылды. Кезекші прокурорлар қызметтік кабинеттерге заңсыз жеткізілген 12, уақытша ұстау абақтысынан 11 адамды босатты.

Жарамсыз деп есептелсін

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының №26 Жылжымалы көліктік бақылау бекетінің (БСН: 131140013599) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27793 | Тапсырыс №178 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**